



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАР СОТ ПРАКТИКАСЫН БІРКЕЛКІ ҚОЛДАНУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ



Жоғарғы Сот Қазақстанның барлық соттарында азаматтық істер бойынша сот жүйесінің маңызды цифрлық жобасы - «Судьяның цифрлық көмекшісі» сервисін енгізуді аяқтады.

Жоба Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевтің тапсырмасы бойынша іске асырылып, сот төрелігін цифрлық трансформациялауды жандандырды. Жаңа сервис Жоғарғы Сот басшылығының, Сот әкімшілігінің және өңірлер соттарының қатысуымен өткен кеңес барысында ұсынылды.

(Жалғасы 2-бетте)

### 3-БЕТ

ҰБТ: орталықтар жұмысын заңнамалық тұрғыдан реттеу керек

### 6-БЕТ

Қоғамдық көлік қауіпсіз, ыңғайлы, тартымды болуы тиіс

### 8-БЕТ

БАТПЫРАУЫҚ

## ПАРЛАМЕНТ

## БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

Қазақстанда нотариат қызметін реформалауға бағытталған жаңа заң жобасы Мәжілісте бірінші оқылымда қаралды. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариаттық қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, атқарушылық жазба рәсімін реттеуге және нотариат саласын толық цифрландыруға бағытталған. Заң жобасын депутат Нұрсұлтан Байтілесов қорғады.

# БАЛАЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАТАҢ БАҚЫЛАНАДЫ

## «ЫҢҒАЙЛЫ НОТАРИУС» ІЗДЕУГЕ ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛАДЫ

Соңғы жылдары нотариустар жасайтын атқарушылық жазбаларға қатысты қоғамда наразылық жиілегені жасырын емес. Көптеген азамат банк шоты бұғатталғаннан кейін ғана өз атына атқарушылық жазба рәсімделгенін біліп жатады. Әсіресе микроқаржы ұйымдары мен жеке сот орындаушылары төңірегіндегі даулар қоғамда қызу талқыланды. Депутаттардың айтуынша, қазіргі қолданыстағы жүйе нотариаттың жария-құқықтық табиғатын толық ескермейді. Соның салдарынан мемлекеттік бақылау әлсіреп, азаматтардың шағымна жедел әрекет ету қиындаған. Жаңа заң жобасы дәл осы олқылықтарды жоюды көздейді.

қатты. Енді осы тәжірибені заңнамалық тұрғыдан бекіту ұсынылып отыр. Соның арқасында азаматтар көптеген нотариаттық қызметті үйден шықпай-ақ, «электрондық үкімет» порталы арқылы жасай алады. Бұл, әсіресе өңір тұрғындарына, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға және уақыт үнемдеуді қалайтын адамдарға тиімді болмақ.

Құжаттағы басты өзгерістердің бірі – нотариустар қызметіне мемлекеттік бақылауды күшейтумен байланысты. Бұған дейін бақылау тетіктері шашыраңқы реттелсе, енді олар тікелей «Нотариат туралы» заң аясында нақтыланады. Бұл әділет органдарына заң бұзушылықтарға жедел ден қоюға мүмкіндік береді. Сонымен бірге нотариустардың жауапкершілігі де артады. Әсіресе, дербес деректерді қорғау талаптарын бұзғандарға қатысты талап қатаңдатылады.

Заң жобасындағы ең өзекті өзгерістердің бірі – атқарушылық жазба рәсіміне қатысты. Қазіргі тәжірибеде кейбір микроқаржы ұйымдары шарттарға «кез келген нотариусқа жүгінуге болады» деген талап енгізіп келген. Соның салдарынан борышкер басқа өңірдегі нотариустың шешімімен бетпе-бет келетін жағдайлар болған. Енді атқарушылық жазба тек борышкердің тіркелген жері бойынша жасалуы мүмкін. Егер нотариустың аумағы сәйкес келмесе, жүйе автоматты түрде бұғат қояды. Бұл норма құқық қолдану тәжірибесін біріздендіріп, «ыңғайлы нотариус» іздеу әрекетін шектеуге бағытталған.

Тағы бір маңызды жаңалық – борышкерді міндетті түрде хабардар ету. Заң жобасына сәйкес, енді атқарушылық жазбаның көшірмесі азаматқа SMS және eGov арқылы жолданады. Хабарлама жеткізілгені арнайы тіркеледі. Бұл азаматтарға өз құқығын уақытында қорғауға мүмкіндік береді. Себебі бұған дейін көптеген адам шоты бұғатталғаннан кейін ғана мәселені біліп келген.

Жазғы маусым – тек демалыс уақыты емес, баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, жаңа дағдыларды меңгеруіне берілген маңызды кезең. Биылғы жылы балалардың бос уақытын ұйымдастыру мәселесі мемлекеттік деңгейде қатаң бақылауға алынып, нормативтік-құқықтық талаптар күшейтілді. Республика бойынша барлығы 3,2 миллион оқушыны жазғы демалыс және сауықтыру бағдарламаларымен қамту жоспарланып отыр.



Ең басты жаңалық – балалар лагерлерінің «қосымша білім беру ұйымдары» санатына ресми түрде ауыстырылуы. Енді лагерлерге қойылатын талаптар «Білім туралы» Республика заңына сәйкес қатаңдатылды. Бұл өзгеріс білім берудің сапасын арттырып, лагерьді жай ғана ойын-сауық емес, баланың функционалдық сауаттылығын арттыратын, зияткерлік және шығармашылық бағыттағы бағдарламаларды жүзеге асыратын орынға айналдырады. Сондай-ақ, педагогикалық құрамға қойылатын біліктілік талаптары жоғарылап, барлық қызметкерлер арнайы психологиялық және құқықтық тексеруден өтуге міндеттелді.

Биыл балалардың демалысын ұйымдастыру үшін республика бойынша 11 135 демалыс орталығы жұмыс істейді. Олардың ішінде 11 мыңнан астамы – мектеп жанындағы лагерлер, 196-сы – маусымдық, ал 19-ы жыл бойы жұмыс істейтін орталықтар. Президенттің тапсырмасы аясында соңғы 3 жылда 24 мың орынға арналған 44 қосымша білім беру ұйымы мен 15 жаңа балалар сауықтыру орталығы ашылса, биыл тағы да 840 орындық 4 жаңа орталық пайдалануға беріледі.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАР СОТ ПРАКТИКАСЫН  
БІРКЕЛКІ ҚОЛДАНУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кеңесті аша отырып, Жоғарғы Сот төрағасы сот жүйесіндегі цифрлық шешімдерді дамыту Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан» атты жолдауында қойған міндеттеріне сәйкес келетінін атап өтті. Соңғы жылдары соттарда электрондық істер, аумақтан тыс соттылық, материалдарды автоматты бөлу және жекелеген процестерді роботтандыру бойынша іргелі жұмыстар қолға алынды. Цифрландырудың жаңа кезеңі сот практикасын талдаудың зияткерлік құралдарын енгізумен байланысты. Бір жарым жыл ішінде жүйе Астана, Жамбыл, Қарағанды және Маңғыстау облыстарының соттарында сынақтан өткізілді. Пилоттық жоба қызмет көрсетудің жоғары практикалық тиімділігін және судьялар арасында сұранысты көрсетті.

Сот әкімшілігінің басшысы Наиль Ахметзакиров атап өткендей, жаңа жүйе судьяға жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып, қаралатын әрбір дау бойынша тиісті сот практикасын қалыптастыруға, сондай-ақ ұқсас сот шешімдерін талдау негізінде істің ықтимал нәтижесін болжауға мүмкіндік береді. Зияткерлік іздеу талап қоюдың мазмұнын, тараптардың дәлелдерін және істің өзге де өлшемдерін ескере отырып, жұмыс істейді. Сонымен қатар технологиялық инфрақұрылым айтарлықтай жаңғыртылды. Бүгінгі таңда сервис алдыңғы 4 миллионның орнына шамамен 15 миллион бірлік машинада оқылатын ақпаратты өңдей алады және бір уақытта 1000 сұранысты орындай алады. Жүйенің функционалдық мүмкіндіктері де кеңейтілді: ЖИ талап қоюды автоматты түрде құрылымдайды, дау-дамайды қалыптастырады, тараптардың дәлелдерін

бөліп көрсетеді және құжаттарды қазақ және орыс тілдерінде өңдейді.

Наиль Ахметзакировтың айтуынша, сондай-ақ сот практикасының мониторингі жүйесі құрылып, статистикалық есептілік жаңартылды. Бұл қалыптасқан практикадан шығатын шешімдерді анықтауға және сот қызметін одан әрі жетілдіру үшін аналитикалық материалдарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кеңес барысында технология сот жүктемесіне және дауларды шешу сапасына практикалық әсер ететіні атап өтілді. Мәселен, Елорда соттарында пилоттық жобаны енгізу кезеңінде тараптардың татуласу деңгейі орташа республикалық көрсеткіштен жоғары болды. Бұған процеске қатысушыларға ұқсас істер бойынша ақпарат беру және сот талқылауы басталғанға дейін даудың ықтимал құқықтық салдары ықпал етті. Бұл тәсіл тараптарға істің болашағын объективті бағалауға және қосымша уақыт пен қаржылық шығындарсыз жиі ымыраға келуге мүмкіндік береді.

Астана қалалық сотының төрағасы Айдар Смағұлов цифрлық құралдар сот қалауын алмастырмауға, соттың аналитикалық мүмкіндіктерін күшейтуге және сот практикасын неғұрлым біркелкі қолдануды қамтамасыз етуге көмектесетінін атап өтті.

Жоғарғы Сот жасанды интеллектті қолдану халықаралық тәсілдерге сәйкес келетіндігін атап өтті: іс бойынша барлық шешімдерді тек судья қабылдайды, ал цифрлық қызметтер көмекші және аналитикалық функцияны орындайды.

Қазіргі уақытта әкімшілік сот ісін жүргізуге ұқсас ЖИ технологияларын енгізу аяқталуда.

**Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі**

## БІЛГЕН ЖӨН

## СОТ ФИМАРАТТАРЫНА КІРУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасында сот билігі – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ететін конституциялық маңызды институттың бірі болып табылады. Соттардың қалыптасуы әрі қауіпсіз жұмыс істеуі үшін сот фирмаларында арнайы өткізу және объектілік режим белгіленген. Бұл талаптар сот төрелігінің кедергісіз жүзеге асырылуына, қоғамдық тәртіптің сақталуына және сотқа келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот жүзеге асырады. Осы конституциялық қағиданы қамтамасыз ету үшін сот фирмаларында қауіпсіздік пен тәртіпті сақтау ерекше маңызға ие. Сот қызметіне қандай да бір кедергі келтіру, сотқа қысым жасау немесе сот тәртібін бұзу заңмен қудаланады. Сондықтан істі сот фирмаларында өткізу режимі мемлекеттің құқықтық тәртібін қамтамасыз етудің бір бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті және оның аумақтық бөлімшелері сот фирмаларында өткізу және объектілік режимді ұйымдастырады. Бұл режимнің негізгі мақсаты: соттардың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету; терроризм мен құқыққа қарсы әрекеттердің алдын алу; сот процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін сақтау; қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету; сот мүлкінің сақталуын қорғау.

Сот фирмаларына кіру кезінде азаматтар жеке басын куәландыратын құжаттарын көрсетуге міндетті. Сонымен қатар арнайы техникалық бақылаудан өту қарастырылған. Күзет қызметкерлері мен сот приставтарының заңды талаптарын орындау барлық келушілер үшін міндетті болып табылады.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәребесі туралы» Конституциялық заңына, сондай-ақ «Құқық қорғау қызметі туралы» заңнамаларға сәйкес сот приставтары соттағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді. Олардың негізгі міндеті: сот отырыстары кезінде тәртіп сақтау; судья-

лар мен сот процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; сот фирмаларына кіріп-шығуды бақылау; тыйым салынған заттардың кіргізілуіне жол бермеу; құқық бұзушылықтардың алдын алу.

Сот приставының заңды талабына бағынбау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады. Сот фирмаларына: атыс қаруын; суық қаруды; жарылғыш заттарды; улы немесе тез тұтанғыш заттарды; алкогольдік ішімдіктерді; қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіретін өзге де заттарды алып кіруге тыйым салынады. Бұл талаптар «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» заңына және қауіпсіздік талаптарына сәйкес белгіленген. Сот фирмаларында әрбір азамат: қоғамдық тәртіпті сақтауға; әдеп нормаларын ұстануға; сот жұмысына кедергі келтірмеуге; сот қызметкерлеріне құрметпен қарауға міндетті.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес, сотқа құрметтеушілік білдіру әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады. Оған: сот отырысында тәртіп бұзу; судьяның өкіміне бағынбау; балағат сөздер айту; соттың қалыпты жұмысына кедергі келтіру әрекеттері жатады. Мұндай әрекеттер үшін айыппұл немесе әкімшілік қамқару алу жазасы көзделуі мүмкін.

Қылмыстық кодексте сот төрелігіне қарсы құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық қарастырылған. Атап айтқанда: сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі келтіру; сотқа қысым көрсету; судьяның қызметіне араласу; сот процесіне қатысушыларға қауіп төндіру;

терроризм немесе зорлық әрекеттері арқылы сот қызметін бұзу қылмыстық жауаптылыққа жатады. Бұл нормалар сот тәуелсіздігін және заң үстемдігін қорғауға бағытталған.

Сондай-ақ, сот фирмаларында фото, дыбыс және бейнетүсірілім жүргізу Қазақстан Республикасының процесік заңнамаларына және соттың ішкі тәртіп қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Кей жағдайларда соттың рұқсатынсыз түсірілім жасауға жол берілмейді. Бұл талаптар сот процесіне қатысушылардың құқығын қорғау; құпия ақпараттың таралуына жол бермеу; сот тәртібін сақтау мақсатында енгізілген. Сот фирмаларына келушілер: белгіленген өткізу тәртібін сақтауға; қауіпсіздік тексерісінен өтуге; күзет және сот приставтарының заңды талаптарын орындауға; қоғамдық тәртіпті бұзбауға міндетті. Заң талаптарын сақтау – тек міндет қана емес, құқықтық мәдениеттің көрсеткіші болып табылады.

Сот фирмаларындағы өткізу және объектілік режим – азаматтардың құқықтарын қорғауға, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етуге және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға бағытталған маңызды құқықтық механизм. Мұндағы тәртіпті сақтау – әрбір азаматтың заң алдындағы жауапкершілігі мен құқықтық санасының көрінісі. Заң талаптарын құрметтеу арқылы ғана қоғамда әділдік, тәртіп және құқық үстемдігі нығая түседі.

**А.МАКУЛОВ,**  
Алматы облысы  
мамандандырылған ауданаралық  
қылмыстық істер жөніндегі  
сотының бас маманы

## САРАП

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ  
ҚАФИДАТТАР  
ЕРЕКШЕ МАҢЫЗҒА ИЕ

Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекетіміздің құқықтық іргетасы әрі барлық заңнаманың негізгі бастауы. Ата Заңда бекітілген қағидастар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың басты кепілі болып табылады. Бұл қағидастар сот төрелігін жүзеге асыру барысында, соның ішінде азаматтық сот ісін жүргізуде ерекше маңызға ие.

Конституцияның 13-бабына сәйкес әркімнің өз құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғауға құқығы бар. Бұл қағида азаматтардың сотқа еркін жүгінуге, өз уәждерін дәлелдеуге және заңмен қорғалуына мүмкіндік береді. Азаматтық іс жүргізу барысында тараптарға тең процессуалдық құқықтар беріліп, олардың дәлелдемелер ұсынуына, пікір білдіруіне және талаптарын қорғауына барлық жағдай жасалады. Сонымен қатар, сот тәуелсіздігі – әділ сот төрелігінің басты кепілі. Судья тек Конституция мен заңға бағына отырып шешім қабылдайды. Сот ісіне қандай да бір араласуға жол берілмейді. Бұл қағида қоғамның сот жүйесіне деген сенімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда цифрландыру үдерісі де сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға ықпал етуде. Электронды сот жүйесі арқылы талап қою, сот актілерін алу, онлайн сот отырыстарына қатысу мүмкіндігі азаматтардың уақытын үнемдеп, сот процесінің тиімділігін күшейтті. Бұл өз кезегінде Конституцияда бекітілген құқықтарды іске асырудың заманауи тетігіне айналды.

Азаматтық сот ісін жүргізудегі тағы бір маңызды қағида – тараптардың жарыспалылығы. Әр тарап өз дәлелдерін ұсынуға және қарсы тараптың уәждеріне пікір білдіруге құқылы. Судья істің мән-жайын жан-жақты әрі объективті зерттей отырып, заңға сәйкес шешім қабылдайды.

Қазақстанда биыл жүзеге асырылған конституциялық реформалар құқықтық жүйені жаңғыртуға және азаматтар құқығын қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған маңызды қадам болды. Референдум арқылы қабылданған өзгерістер қоғамдағы әділдік қағидатын нығайтып қана қоймай, сот төрелігінің мазмұны мен сапасына да жаңа серпін берді.

Жаңа Конституцияда «Адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары – мемлекеттің ең қымбат қазынасы» деген егжей-тегжейлі мағына берілген. Бұл тереңдей түсті. Қазіргі таңда соттар азаматтық істерді қарау барысында тек заң талаптарын ғана емес, ең алдымен азаматтардың құқықтарын тиімді қорғау қағидатын басшылыққа алуға.

Жаңартылған Конституция аясында сот тәуелсіздігі мәселесіне де айрық-



**Г.КУШКБАЕВА,**  
Маңғыстау облысы  
мамандандырылған ауданаралық  
экономикалық сотының судьясы

ша назар аударылды. Судьялардың тек Конституция мен заңға бағынуы – әділ сот төрелігінің негізгі кепілі. Қоғамдағы сотқа деген сенім деңгейі де ең алдымен соттың тәуелсіздігі мен әділдігіне байланысты қалыптасады.

Мемлекет басшысы жүргізіп отырған реформалардың түпкі мақсаты – «Әділдік Қазақстан» қағидатын орнықтыру. Бұл бағытта сот жүйесіне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Себебі азаматтардың мемлекетке деген сенімі ең алдымен әділ сот арқылы қалыптасады.

Референдум нәтижесінде қабылданған конституциялық өзгерістер азаматтық сот төрелігінің сапасын арттыруға, адам құқықтарын қорғауды күшейтуге және заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды реформа болды. Бұл өзгерістер құқықтық мемлекеттің берік негізін қалыптастырып, қоғамдағы әділдік қағидатының нығайтуына қызмет етеді. Сонымен қатар Конституциялық қағидастарды азаматтық сот ісін жүргізуде тиімді жүзеге асыру – құқықтық мемлекеттің маңызды көрсеткіші. Заң үстемдігі сақталған жерде азаматтардың сотқа деген сенімі артып, қоғамда әділдік қағидаты орнығады.

Сондықтан сот төрелігін жүзеге асыруда Конституция талаптарын мүлтіксіз сақтау – барша құқық қолданушылардың ортақ міндеті.

## ПӘРМЕН

## ОҢАЙ АҚША ОПЫҚ ЖЕГІЗДІ



**Нүргүл НУРЛАНОВА,**  
Глубокое аудандық сотының  
судьясы

Қылмыстық кодекстің 232-1-бабының 1-бөлігінде банк шотына, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралдарына үшінші тұлғаның қол жеткізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ өз құжаттарын материалдық сыйақы үшін заңсыз бергеніне де жауаптылық көзделген. Глубокое аудандық сотында осы баппен И.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды.

2025 жылдың қазан айында азамат И. жеңіл ақша табу мақсатында «Интернет» желісін пайдалана отырып, тергеу барысында жеке басы анықталмаған тұлғамен хат алмасуға кіріскен. Дербес деректерін үшінші тұлғалардың пайдалануының заңсыз сипаты мен мүмкіндігін түсіне отырып, И. ұсынылған шарттарға келіседі. Осылайша өзінің қылмыстық ниетте пайдалануға мақсатты көздей отырып, аталған қосымшаны жүктеп алып, содан кейін тіркеу, верификация және жеке басын куәландыратын бейнежазба рәсімдерінен өткен. Бұдан кейін «Telegram» мессенджері арқылы үшінші тұлғаға «ОКХ» қосымшасында өз атына тіркелген аккаунтқа

толық қолжетімділікті қамтамасыз ететін мәліметтерді беріп, үшінші тұлғалардың аккаунтты басқаруына толық мүмкіндік ұсынады. Ал тергеу барысында анықталмаған тұлғалар бұл аккаунтты «Home Credit Bank» қашықтан қызмет көрсету сервисі арқылы заңсыз қаржылық операцияларды жүзеге асыру үшін пайдаланған. Оған 2025 жылы 10-16 қазан аралығында жалпы сомасы 1 474 300 теңге ақшалай қаражат түсіріп, олар кейіннен белгіленбеген өзге тұлғаларға аударылады. Бұрын қол жеткізілген уағдаластық растай отырып, И. 10000 теңге көлемінде ақшалай сыйақы алған.

Басты сот талқылауында сотталушы И. Қазақстан Республикасы ҚК-нің 232-1-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудағы кінәсін толық мойындады. Жазаның түрі мен мөлшерін айқындау кезінде сот жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын, оның қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесін, сотталушының жеке басын, жазаны жеңілдететін мән-жайларды және ауырлататын мән-жайлардың жоқтығын ескере отырып, 117 960 теңге көлемінде айыппұл түріндегі жаза тағайындады. Үкім заңды күшіне енді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПАРЛАМЕНТ

## «ЫҢҒАЙЛЫ НОТАРИУС» ІЗДЕУГЕ ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құжат нотариустардың жеке сот орындаушыларымен немесе микроқаржы ұйымдарымен байланыстылығын шектеуді де көздейді. Егер нотариус пен тараптардың арасында туыстық немесе өзге де тәуелділік болса, нотариаттық әрекет жасауға тыйым салынады. Депутаттар мұны жемқорлық тәуекелдерін азайтып, нотариат институтына деген сенімді күшейтетін қадам деп бағалап отыр.

Заң жобасына сәйкес, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор шарттары бойынша атқарушылық жазбаларды нотариустар қарай алмайды. Мұндай даулар енді тек сот арқылы шешілуі ұсынылады. Бұл мемлекеттік қаржыға қатысты дауларды неғұрлым жан-жақты қарауға мүмкіндік береді.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті заң жобасын қолдап отыр. Комитеттің пікірінше, құжат азаматтардың құқықта-

рын қорғауды күшейтіп қана қоймай, нотариат саласындағы құқықтық айқындықты арттырады. Сарапшылардың айтуынша, егер ұсынылған түзетулер толық іске асса, нотариат жүйесі анағұрлым ашық әрі цифрлық форматқа бейімделеді. Ал ең бастысы – азаматтардың «атқарушылық жазба» мәселесіндегі қорғанысы күшеймек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»

### Сіз не дейсіз?

Дмитрий КОЛОДА, Парламент Мәжілісінің депутаты:

Бұл заң жобасы ең алдымен азаматтардың құқықтарын қорғауға, атқарушылық өндірістің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды құжаттардың бірі деп есептеймін. Әсіресе алимент қаражатына шектеу қоюға тыйым салу нормасы – балалардың, көпбалалы аналардың және әлеуметтік осал топтардың мүддесін қорғаудағы өте өзекті шешім. Өйткені алимент – бұл жай ғана ақша емес, баланың күнделікті қажеттілігіне арналған қаражат. Сондықтан оған шектеу қойылмауы тиіс. Сонымен қатар сот орындаушыларының әрекеттерін міндетті дыбыстық жазба, сурет және бейнетүсірілімдер арқылы азаматтар мен мемлекеттік институттар арасындағы сенімді күшейтеді. Бұл бір жағынан процесстің ашықтығын қамтамасыз етсе, екінші жағынан заңсыз әрекеттер мен даулы жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда көптеген азамат платформалық жұмыспен айналысады. Осыған байланысты интернет-платформалар арқылы борышкерлердің табысы туралы мәлімет алу тетігінің енгізілуі де уақыт талабынан туындап отыр. Бұл алимент пен өзге де төлемдерді өндірудің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Сондай-ақ жеке сот орындаушыларының жауапкершілігін күшейтуге қатысты нормалар қоғам сұранысына сай қабылданып отыр деп ойлаймын. Жалпы, заң жобасындағы түзетулер атқарушылық өндіріс жүйесін жетілдіріп қана қоймай, азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге және әділдік қағидатын нығайтуға қызмет етеді.

## БАЛА – БОЛАШАҒЫМЫЗ

# БАЛАЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАТАҢ БАҚЫЛАНАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ағымдағы жылы «Балалардың қауіпсіздігі – мемлекеттің басты назарында» қағидасы бірнеше құқықтық тетік арқылы жүзеге асады. Біріншіден, 1 шілдеден бастап Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық нормалардың сақталуы бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізеді, бұл ас блоктары мен гигиеналық талаптардың бұзылмауына кепілдік береді.

Екіншіден, Ішкі істер органдары әрбір демалыс нысанына жеке полиция инспекторын бекітпек. Үшіншіден, «Автобус» акциясы шеңберінде балаларды тасымалдайтын көлік құралдарының техникалық жай-күйі қатаң бақылауға алынды.

Биылғы жылы мемлекеттік деңгейде 729 мың аз қамтылған отбасының балалары мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар 53 мың оқушының тегін демалуы қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар,

халықаралық және республикалық жарыстардың жеңімпазы атанған 375 мыңнан астам дарынды бала «Балдәурен», «Бөбек» сынды орталықтар мен өңірлік базаларда сауықтырылады. «Kids Go Free» бағдарламасы әуе билеттерін субсидиялау арқылы балалардың республикалық маңызы бар лагерьлерге қолжетімділігін одан әрі арттыра түседі.

Осы ретте ата-аналар баланы лагерьге жібермес бұрын, мекеменің «қосымша білім беру орталығы» ретінде тіркелгеніне, көрсетілетін қызмет көлемі мен қауіпсіздік кепілдіктері жазылған шарттың талаптарына мұқият назар аударғаны абзал. Биылғы жаз – қауіпсіздік пен сапаның үйлесімі. Заңның қатаң сақталуы мен мемлекеттік бақылаудың күшеюі ата-аналар үшін баланың демалысын сенімді өткізуге кепіл бола алады

Айымжан БЕРДІБАЙ

## ҮЛГІ

Абай облысының Бесқарағай ауданындағы шағын Черемушка ауылы Абүгінде үлкен өзгерістің символына айналды. Нөбәрі 25 аула, 60 тұрғын. Бірақ дәл осы ауыл елге үлгі боларлық батыл шешім қабылдап, алкогольден толықтай бас тартты. Бұл жай ғана бастама емес. Бұл – заң мен тәртіпке негізделген жаңа қоғамдық мәдениеттің бастауы.

# ІШІМДІКТЕН ІРГЕСІН АЛЫСТАТҚАН АУЫЛ

Ауылдың учаскелік полиция инспекторы Әсет Сағадиевтің айтуынша: «Заң мен тәртіп – мемлекеттің ғана емес, әр шаңырақтың қорғаны. Қоғамдағы тыныштық ең алдымен адамның өз таңдауынан басталады. Тұрғындардың арақсыз ауыл қалыптастыруды таңдауы – ертеңгі ұрпақтың қауіпсіз болашағына салынған берік негіз».

Бүгінде Черемушка тұрғындары ішімдік ішкендердің жанжалын ұмытқан. Түнгі тыныштықты бұзатын дауыс жоқ. Есесіне спорт алаңындағы жастардың белсенділігі, еңбекке ұмтылған азаматтардың жігері бар.

Ауыл әкімі Талғат Құмаров бұл бастаманы

ауылдың болашағына жасалған маңызды инвестиция деп бағалады.

– Біз тек ішімдіктен бас тартып отырған жоқпыз. Біз ауылдағы тәртіпті, бірлікті, жауапкершілікті күшейтіп отырмыз. Әр отбасының амандығы – бүкіл ауылдың тұрақтылығы, – деді ауыл әкімі.


Черемушка – шағын ауыл болғанымен оның таңдауы – өзгелерге үлкен үлгі. Бұл – тыныштықты таңдаған ауыл. Бұл – бірлікті таңдаған ауыл. Бұл – заң мен тәртіпті таңдаған ауыл. Мұндай таңдауды құптайтын ауылдар көп болмай.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## БІЛІМ

Жыл сайын мектеп түлектері үшін үлкен дүрбелең басталады. Ол – Ұлттық бірыңғай тестілеу. Биыл Үкімет тарапынан жоғары білімге 78 000-нан астам мемлекеттік грант бөлінді. Оның басым бөлігі инженерлік, IT, педагогика және жаратылыстану ғылымдарына бағытталып отыр.

## ҰБТ: ОРТАЛЫҚТАР ЖҰМЫСЫН ЗАҢНАМАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН РЕТТЕУ КЕРЕК



көрсету» деп рәсімделеді. Осы кулықтың кесірінен Оқу-ағарту министрлігі мен Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті сияқты құзырлы органдар бұл орталықтардың есігін де аша алмайды. Олардың бағдарламасы қандай, ондағы сабақ беріп жатқан мұғалімдердің біліктілігі қандай деңгейде – оны тексеруге ешқандай заңдық негіз жоқ. Бұл орталықтар тек салық органдары мен Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің назарына ғана ілігуі мүмкін. Ал білімнің мазмұны мен сапасына заң жүзінде ешкім кепілдік бермейді.

Алайда, осы орасан зор мүмкіндікке қол жеткізу жолындағы бәсеке мектеп қабырғасынан тыс жерге – жекеменшік дайындық орталықтарына ауысып кетті. Ұлттық тестілеу орталығының апталық есептеріне көз салсақ, талапкерлердің орташа балы жылдағыдай 65–70 балдың айналасында тұрақтап тұр. Десек те, шекті балды жинай алмай қалатын түлектердің үлесі әлі де жоғары – шамамен 20-25% құрайды.

Осы тұста «Орталықтарға барып, арнайы репетитор жалдағандар ғана 120-дан жоғары балл жинай алады», – деген түсінік қоғамда берік орнап үлгерді. Бұл жағдай мектеп қабырғасындағы 11 жылдық білімнің құнын түсіріп қана қоймай, үлкен заңдық және әлеуметтік мәселелерді туғырып отыр.

Жақында Мәжіліс депутаты Ерболат Саурықов та осы мәселені ашық көтеріп, дайындық орталықтары мектептегі іргелі білімге көлеңке түсіріп жатқанын айтты. Оның уәжі, жоғары сынып оқушылары мамандық таңдаған сәттен бастап, тек шектік ұпайды қуалап, тест жаттауға көшеді. Салдарынан шығарма жазу, ойтолғау, диктант сияқты баланың сыни ойлауын дамытатын дүниелер кейінге ысырылып қалады. 10-11 сыныптың мемлекеттік бағдарламасын іс жүзінде жауып тастаған оқу ошақтары да баршылық болып шықты.

### Заңнан тыс «заңды» бизнес: орталықтарды кім бақылайды?

Бұл мәселенің ең қауіпті тұсы – тестке дайындық орталықтарын заңнамалық реттеудің жоқтығында. Бүгінде саңырауқұлақтай қаптаған репетиторлық орталықтар мен онлайн-мектептердің басым бөлігі «Білім беру туралы» заңның аясында жұмыс істемейді. Олар Оқу-ағарту министрлігінен білім беру лицензиясын алмайды.

Олардың құқықтық сипаты қандай? Тіркелу формасы: Көбіне кәдімгі жеке кәсіпкерлік (ЖК) немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) ретінде тіркеледі. Қызмет түрі: Құжат жүзінде олардың жұмысы білім беру емес, «ақпараттық-консультациялық қызмет

## ЖЕГІҚҰРТ

# ЖЕМҚОРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕΝІМДІ ӘЛСІРЕТЕДІ

Сот жүйесі – құқықтық мемлекеттің негізгі тірегінің бірі. Саланың ашықтығы мен тәуелсіздігіне көлеңке түсіретін сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес әрдайым өзекті.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік билікке деген сенімді әлсірететін, заңдылық қағидаттарына қайшы келетін теріс құбылыс. Әсіресе сот саласындағы жемқорлық қоғам үшін аса қауіпті, өйткені ол азаматтардың әділ сотқа деген сенімін төмендетеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасау бағытында кешенді шаралар жүзеге асырылуда.

Бүгінде сот жүйесінде ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында цифрлық технологиялар кеңінен енгізілген. «Төрелік», «Сот кабинеті» сияқты электрондық жүйелер арқылы азаматтар талап-арыздарын онлайн жолдап, сот процестеріне қашықтан қатысу мүмкіндігіне ие болды. Істерді автоматты түрде бөлу механизмі енгізіліп, бұл судьяларды таңдау мүмкіндігін болдырмауға ықпал етті.

Судьялардың тәуелсіздігі мен кәсіби әдебін сақтау да сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың маңызды бөлігі болып табылады. Судьялар жоғары моральдық қағидаттарды ұстанып, бейтараптық пен әділдік талаптарын сақтауы тиіс. Осы мақсатта Судья әдебі кодексі қабылданып, оның талаптарын сақтау мәселесіне ерекше назар аударылуда. Судьялар мен сот қызметкерлері арасында тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары, семинарлар және құқықтық оқыту шаралары өткізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет-

гандары мен Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің назарына ғана ілігуі мүмкін. Ал білімнің мазмұны мен сапасына заң жүзінде ешкім кепілдік бермейді.

### «Жаттанды білім – жансыз білім»

Мектеп біліміне деген сенімсіздік артқан сайын, ата-аналар баласын амалсыз ақылы орталықтарға сүйейді. Бұл – қатардағы қазақстандық отбасының бюджетіне түсетін үлкен салмақ. Ең сорақысы, бұл нарықта бағаны бақылайтын ешқандай мемлекеттік тарифтік шектеу жоқ, кім қандай баға қойса да өз еркі. Оқушылардың санасында да қауіпті стереотип қалыптасты. Олар мектеп бағдарламасын уақытты босқа кетіру деп санайды. Оларға тек ҰБТ-да келетін сұрақтардың дайын нұсқасын механикалық түрде жаттау, яғни «тест-тренинг» қана маңызды. Нәтижесінде мектептегі функционалды сауаттылық құрдымға кетіп, тест белгілеу автоматизмге айналып барады.

«Жаттанды білім – жансыз білім» дейді халық даналығы. Бала орталықтың көмегімен тестті жаттап, амалдап грантқа түскенімен, шынайы білім жоғары оқу орнына барғанда алдынан шығады. Университет табалдырығын аттаған студент сыни ойлай алмайды, өз бетімен мағыналы мәтін жаза алмайды, курстық жұмыс пен ғылыми зерттеуге келгенде дәрменсіздік танытады. Университеттердегі алғашқы курстарда академиялық деңгейдің төмендеуі – дәл осы мектеп қабырғасындағы жаттанды білім жүйесінің тікелей «жемісі».

ҰБТ-ға дайындайтын жеке орталықтардың жұмысын заңнамалық тұрғыдан реттейтін кез келді. Оларды тек ақпараттық орталық емес, білім беру қызметінің толыққанды субъектісі ретінде танып, бақылау тетіктерін енгізу қажет. Әйтпесе, мектептің ролін тек аттестат үлестіретін кенеске, ал болашақ маманды тест белгілейтін роботқа айналдырып алу қаупі жоғары. Жеке нарықтың табысы ұлттық білімнің сапасынан жоғары тұрмауы тиіс.

Ажар БҰРКІТБЕК

## ЖЕМҚОРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕΝІМДІ ӘЛСІРЕТЕДІ

# ЖЕМҚОРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІККЕ ДЕГЕН СЕΝІМДІ ӘЛСІРЕТЕДІ

Сот жүйесі – құқықтық мемлекеттің негізгі тірегінің бірі. Саланың ашықтығы мен тәуелсіздігіне көлеңке түсіретін сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы күрес әрдайым өзекті.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік билікке деген сенімді әлсірететін, заңдылық қағидаттарына қайшы келетін теріс құбылыс. Әсіресе сот саласындағы жемқорлық қоғам үшін аса қауіпті, өйткені ол азаматтардың әділ сотқа деген сенімін төмендетеді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасау бағытында кешенді шаралар жүзеге асырылуда.

Бүгінде сот жүйесінде ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында цифрлық технологиялар кеңінен енгізілген. «Төрелік», «Сот кабинеті» сияқты электрондық жүйелер арқылы азаматтар талап-арыздарын онлайн жолдап, сот процестеріне қашықтан қатысу мүмкіндігіне ие болды. Істерді автоматты түрде бөлу механизмі енгізіліп, бұл судьяларды таңдау мүмкіндігін болдырмауға ықпал етті.

Судьялардың тәуелсіздігі мен кәсіби әдебін сақтау да сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың маңызды бөлігі болып табылады. Судьялар жоғары моральдық қағидаттарды ұстанып, бейтараптық пен әділдік талаптарын сақтауы тиіс. Осы мақсатта Судья әдебі кодексі қабылданып, оның талаптарын сақтау мәселесіне ерекше назар аударылуда. Судьялар мен сот қызметкерлері арасында тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары, семинарлар және құқықтық оқыту шаралары өткізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет-

А.САНСЫЗБАЕВА,

Көкшетау қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

**ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТКЕ – 5 ЖЫЛ**

**ӘКІМШІЛІК ҚАЛАУ – ЕҢ ОҢТАЙЛЫ ШЕШІМДІ ТАҢДАУ ҚҰҚЫҒЫ**

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (бұдан әрі – ӘРПК) қабылданып, қолданысқа енгізілуі «азамат – мемлекет» қатынасының жаңа түріне көшудің жаңа көрінісі. Бұл жүйеде адам басқарушылық қызметтің жай ғана объектісі емес, жария басқарудың тең құқықты қатысушысы ретінде танылады. Жария басқарудың жаңа парадигмасы Қазақстанның құқықтық жүйесіне бұрын беймәлім болған ұғымдарда, қағидаттарда және рәсімдік ережелерде көрініс тапты.

Жария құқықтың негізгі ұғымының бірі – әкімшілік қалау.

Әкімшілік қалау – бұл мемлекеттік органның заңда көзделген бірнеше баламаның ішінен ең оңтайлы шешімді таңдауына жол ашатын заңмен бекітілген құқығы. Бұл құқық нормасы нақты бір ғана дұрыс шешімді белгілемеген жағдайда, нақты ахуалдың ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Әкімшілік қалауды жүзеге асырудың негізгі шектері мынадай талаптарды қамтиды:

Заңдылық: Шешім нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мақсаттар мен шектерге қатаң сәйкес болуы тиіс.

Мүдделер теңгерімі: Рәсімге қатысушының мүдделері мен қоғам мүдделері арасында әділ теңгерім қамтамасыз етілуі қажет.

Пропорционалдық (сәйкестік): Қабылданған шешім жарамды, қажетті және мөлшерлес болуы тиіс. Құқықтар мен бостандықтарды шектеу ең төменгі қажетті деңгейде болуы қажет.

Құзыретті сақтау: Орган өзіне мемлекет берген өкілеттік шегінен шықпауы тиіс.

Теріс пайдалануға тыйым салу: Қалау жасырын мақсаттарға жету немесе лауазымды тұлғаның жеке мүдделерін қанағаттандыру үшін пайдаланылмауы тиіс.

Қалау – жария басқарудағы сөзсіз болатын құбылыс. Ол жария міндеттерге қол жеткізудің тиімділігін арттырады, істің барлық мән-жайлары мен қатысушылардың түрлі мүдделерін ескере отырып, барынша теңгерімді әрі мөлшерлес шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Құқықтық мемлекет қағида-

ты мемлекетті Конституциямен және заңдармен байланыстырады. Жария басқару субъектілері – бұл жария-биліктік өкілеттіктер берілген атқарушы сипаттағы органдар мен лауазымды тұлғалардың жиынтығы.

Жария басқару субъектілері: Парламент қабылдаған заң негізінде, заңмен бекітілген құзырет шегінде, заңда көзделген тәсілмен (белгіленген рәсім шеңберінде) әрекет етуге міндетті.

ӘРПК әкімшілік қалау ұғымын және оны жүзеге асыру қағидаттарын ашады. Алайда органда қалау құқығының бар-жоғы белгілі бір шешім қабылдауға уәкілеттік беретін нормативтік құқықтық актінің таңдау арқылы анықталады. Заңдылық қағидатына, атап айтқанда оның заңдық ескертпесі элементіне сәйкес, әкімшілік органның қалау құқығы қолданыстағы заңнамада жеткілікті дәрежеде нақты көрсетілуі тиіс. Егер заңнамада мұндай өкілеттік берілмесе, лауазымды тұлға өз қалауымен шешім қабылдай алмайды. Әкімшілік қалауды қолдануға уәкілеттік берудің нормативтік нысандары әртүрлі болуы мүмкін. Осы арқылы заң шығарушы атқарушы биліктің еркіндік деңгейін реттейді, яғни бір жағдайларда кең қалау еркіндігін белгілесе, басқа жағдайларда таңдауды бірнеше нұсқамен ғана шектейді.

«Құқылы», «мүмкін», «құқығы бар» және т.б. деген тұжырымдарды пайдалану әкімшілік органдардың өкілеттіктерін анықтау кезінде әкімшілік қалау институтының бар екендігін білдіреді. Әкімшілік органның қалауы белгілі бір мерзімнің немесе со-

маның ең төменгі не ең жоғары шегін белгілеуден де туындауы мүмкін.

Қоғамдық мүдделер абсолютті болып табылмайды

Әкімшілік қалау жүзеге асырылған кезде әкімшілік орган немесе лауазымды тұлға әкімшілік рәсімге қатысушының және қоғамның мүдделері



арасындағы әділ теңгерімді қамтамасыз етеді. Яғни, қоғамдық мүдделер абсолютті болып табылмайды және әрдайым азаматтар мен компаниялардың жеке мүдделерінен басым болмауы тиіс. Әкімшілік орган заңның мақсатын дұрыс айқындап, іске қатысты барлық мән-жайларды анықтап, мемлекет пен жеке тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін таразылап, барынша теңгерімді шешім қабылдауы қажет.

Пропорционалдық қағидаты – кезең-кезеңімен жүргізілетін тест арқылы қабылданған шешімнің әділдігі мен негізділігін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл қағидатты сақтау бойынша кезеңді тексеру халықаралық деңгейде танылған және көптеген елдердің әкімшілік рәсімдер туралы заңдарында бекітілген, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот тәжірибесінде қолданылады.

Қалау негізінде қабылданған әкімшілік акт пропорционалдық қағидатына сәйкес заңды

мақсаттың сақталуы, актінің жарамдылығы, актінің қажеттілігі, актінің пропорционалдығы тәртібімен тексеріледі.

Әкімшілік қалау – бұл әкімшілік органның ықтимал шешімдердің ішінен белгілі бір шешімді қабылдау мүмкіндігі/өкілеттігі немесе өз әрекетінің тәсілін, кімге қатысты және қандай деңгейде қолданылатынын дербес айқындау құқығы.

Қалау – бұл жария басқарудың жедел әрі тиімді қызметін және азаматтардың құқықтарын тиісті қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті элемент. Заңда белгіленген талаптар сақталған жағдайда оны қолдану сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатпайды.

Әкімшілік қалау қолданылған кезде қойылатын талаптар:

- әкімшілік қалау мақсаты;
  - әкімшілік қалауды заңнамада белгіленген шектерде қолдану;
  - әкімшілік қалау пропорционалдығы (жарамдылық, қажеттілік, мөлшерлестік);
  - әкімшілік қалау заңдылығын қамтамасыз ету үшін өзге қағидаттарды қолдану.
- Әкімшілік қалауды жүзеге асыруға құқықтық бақылау және әкімшілік шешімге сот тәртібімен дау айтуды қамтиды. Құқықтық бақылаудың әрбір түрінің өзіндік тәртібі мен ерекшеліктері бар, олар әкімшілік орган жіберген ықтимал қателіктерді түзетуге немесе істі татуласумен аяқтауға мүмкіндік береді.

**Айсет АЙДАРБАЕВА,**  
**Мұнайлы аудандық сотының судьясы**  
**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**

**ХАЛЫҚ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

**2021** жылдың 1 шілдесінде әкімшілік соттар өз жұмысын бастап, еліміз үшін үлкен жетістік болғаны баршаға белгілі. Бес жыл ішінде әкімшілік әділеттің қоғамға әкелген жаңашылдығы көп дегуге болады.

Осы уақыт аралығында әкімшілік әділет мемлекеттік органдармен арадағы дауларда азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді құралы болды. Жария-құқықтық даулардың басым бөлігінде жеке және заңды тұлғалар тарапынан түскен талап-арыздар қанағаттандырылып, бұл өз кезегінде халықтың әкімшілік әділетке деген сенімін нығайтты.

Бұл сөзімізге Ақтөбе облысының мамандандырылған аудан-

аралық әкімшілік сотының 5 жылдағы статистикалық көрсеткіштері жарқын дәлел бола алады. Қолдағы мәліметтерге назар аударар болсақ, 2021–2026 жылдары сот өндірісіне барлығы 6128 әкімшілік іс түсіп, оның 1200-ге жуығы қанағаттандырылған. Сонымен қатар осы 5 жылда әкімшілік сотта түсіндіру жұмыстары бойынша ауқымды шаралар өткізілді. Атап айтқанда, 118 семинар сабақтары, мемлекеттік мекеме өкілдерінің қатысуымен 60 дөңгелек үстел, судьялар және мамандар телеарналарда 40-қа жуық сұхбаттар беріп, жас заңгерлерге 20 дәріс оқыды, желі қолданушыларына 13 тікелей эфир өткізді. Бұдан бөлек республикалық, облыстық және аудандық басшыларда 265 мақала жарыққа шығып, фейсбук парақшаларда судьялардың 373 жазбасы жарияланды. Сондай-ақ осы жылдары 1 меморандум, 1 ашық есік өткізілді, радиоларда 14 сұхбат беріліп, түсіндіру жұмыстары және атқарылған шаралар бойынша 115 бейнетүсірілім әзірленді.

Өзіне жүктелген міндетті жоғары деңгейде атқарған Әкімшілік әділет институты алдағы уақытта да халық игілігіне қызмет ете берері даусыз. Барша әріптесімізді әкімшілік әділеттің 5 жылдығымен құттықтай келе, қысқаша өлең жолдарын арнаймын.

Әкімшілік әділетке 5 жыл толды мінеки,  
«Халық үніне құлақ асты» нақты шешім, әділ би!  
Тұрғын үй дауы, кезек дауы, жер дауы деп келгендер,  
Әділетті бастаманың игілігіне сенгендер.  
Азаматтар, кәсіпкерлер құқықтары қорғалды,  
Сот талабын орындамаған жауапкерлер жаза алды.  
Сот әділдігі жаңашылдық қызметтері мақталып,  
Еліміздің дамуына, жақсаруына жол салды.

**Анар ШЕКЕНОВА,**  
**Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы**  
**сот отырысының хатшысы**

**КАБЫЛДАУ**

**ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ**

Абай облысының әкімі Берік Уәли азаматтарды қабылдау орталығында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға тиісті басқарма басшылары, Семей қаласының әкімі Әділет Қожанбаев қатысты.



Жеке қабылдау барысында тұрғындар жер телімдерін рәсімдеуге, мал жайылымын қоршауға арналған шығындарды мемлекет есебінен өтеу және электр желілеріне байланысты мәселелерді көтерді.

Қабылдау барысында облыс әкімі азаматтардың өтініш-тілектерін тыңдап, түйткілді мәселелерді шешу жолдарын заңдық тұрғыда түсіндіріп, тиісті басқарма басшыларына, қала әкіміне нақты тапсырмалар берді. Тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтар мен көтерген мәселелердің назардан тыс қалмайтынын, жеке бақылауында ұстайтынын айтты.

**Ерлік КЕБЕКБАЙ,**  
**«Заң газеті»**

**БАСТАМА**

Қазақстан Республикасының сот жүйесі – құқықтық мемлекеттің маңызды тірегінің бірі. Оның негізгі мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету және қоғамдағы әділдікті сақтау. Сот билігі мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде Конституция мен заңдарға сүйеніп отырып қызмет етеді. Соңғы жылдары елімізде сот жүйесін жетілдіру мен цифрландыру бағытында ауқымды реформалар жүзеге асырылып келеді.

**САНДЫҚ ЖҮЙЕ ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ**

Қазақстандағы сот жүйесі бірнеше деңгейден тұрады. Бірінші деңгей – аудандық және қалалық соттар. Бұл соттар азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істерді қарайды. Екінші деңгей – облыстық соттар, олар төменгі соттардың шешімдерін апелляциялық тәртіпте қайта қарайды. Үшінші деңгей – кассациялық саты. Кассация сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін тексеріп, төменгі сатыдағы соттар жіберген құқықтық қателерді түзетуге мүмкіндік береді. Ал Жоғарғы Сот Қазақстан Республикасындағы ең жоғары сот органы болып табылады және сот тәжірибесінің біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді. Мұндай құрылым сот төрелігінің тиімділігін арттырып, әрбір істің жан-жақты әрі әділ қаралуына мүмкіндік береді.

Азаматтық істер – сот тәжірибесінде кең таралған істердің бірі. Олар жеке тұлғалар мен заңды

тұлғалар арасындағы мүліктік және мүліктік емес қатынастардан туындайтын дауларды қамтиды. Мысалы, неке бұзу, алимент өндіру, мүлікті бөлу, қарызды қайтару, келісімшарттарды орындау сияқты мәселелер азаматтық істер қатарына жатады. Азаматтық істерді қарау барысында соттар заң талаптарын басшылыққа алып, тараптардың құқықтарын тең дәрежеде қорғайды. Бұл процесте дәлелдемелерді ұсыну, куәлардың айғақтары және сараптамалық қорытындылар маңызды рөл атқарады.

Қазіргі таңда сот жүйесінде цифрлық технологиялардың рөлі артып келеді. Соның бір айқын көрінісі – «Сот кабинеті» сервисі. Бұл жүйе азаматтарға сот органдарына жүгінуді айтарлықтай жеңілдетті. «Сот кабинеті» арқылы талап-арыз беру, сот отырыстарының кестесін көру, іс материалдарымен танысу және сот ак-

тілерін алу мүмкіндігі бар. Сервис уақытты үнемдеуге және бюрократиялық кедергілерді азайтуға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл сервис сот процесінің ашықтығын арттырып, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтады.

«Е-өтініш» жүйесі де мемлекеттік қызмет көрсетудің маңызды құралына айналды. Бұл платформа арқылы азаматтар мемлекеттік органдарға, соның ішінде сот жүйесіне онлайн түрде өтініштер жіберуі мүмкін.

Сотқа арыз беру – азаматтың өз құқығын қорғаудағы негізгі қадамдарының бірі. Арыз беру үшін талап-арыз дұрыс және нақты жазылуы тиіс. Онда талапкердің талабы, істің мән-жайы, дәлелдері және қоса тіркелетін құжаттар көрсетіледі. Арызды қағаз жүзінде де, электронды түрде де беруге болады. Электронды форматта беру «Сот кабинеті» арқылы жүзеге асырылады және бұл тәсіл қазіргі таңда кеңінен қолданылуда. Бұл өз кезегінде сотқа жүгінудің процесін жеңілдетіп, қолжетімділікті арттырады.

Электронды іс жүргізу – сот жүйесіндегі маңызды жаңашылдықтың бірі. Бұл жүйе сот процесінің толықтай цифрлық форматқа көшіруге мүмкіндік береді. Электронды іс жүргізудің арқасында құжат айналымы жеделдеп, ақпарат алмасу жеңілдейді. Тараптар өз істерінің барысын онлайн режимде бақылап, қажетті құжаттарды қашықтан ала алады. Сонымен қатар, кейбір сот отырыстары онлайн форматта өткізіледі, бұл әсіресе шағалай аймақтардағы азаматтар үшін өте тиімді.

Цифрландыру сот жүйесінің ашықтығын арттырып қана қоймай, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін де азайтады. Барлық процесстердің электронды түрде тіркелуі және бақылауда болуы заң бұзушылықтардың алдын алуға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл жүйе сот қызметкерлерінің жұмысын жеңілдетіп, қызметінің тиімділігін арттырады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесі заманауи талаптарға сай дамып келеді. Азаматтық істерді қарау барысында әділдік пен заңдылық қағидаттары сақталады. «Сот кабинеті», «Е-өтініш» және электронды іс жүргізу жүйелері сот қызметінің сапасын арттырып, азаматтарға қолайлы жағдай жасауда. Болашақта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, сот жүйесі одан әрі жетілдіріледі деп күтілуде.

**Жұлдызай НУАЗОВА,**  
**Астана қаласы азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы**

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Мұрат ӘБДІҒҰЛОВ, «Қонаев» ӘКК басқарма төрағасы:

# «АУЫЛАМАНАТЫ» – АГРОӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУДЫҢ МҮМКІНДІГІ»

Алматы облысы – Қазақстанның экономикасындағы өз позициясын нығайтып келе жатқан өңірдің бірі. Осыған орай өңірдің дамуында ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, тұрғын үй құрылысы, бағаны тұрақтандыру және инвестиция тарту салаларында қандай жобалар жүзеге асырылып жатқанын білу үшін «Қонаев» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ басқарма төрағасы Мұрат Әбдіғұловты өңгімеге тартқан едік.

– Мұрат Кеңесұлы, бүгінде «Қонаев» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы (ӘКК) алдына қандай мақсат қойып отыр?

– Біздің басты мақсатымыз өзгерген жоқ. Яғни, Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын кешенді түрде ынталандыру жұмысын жүргіземіз. Бұл ауыл шаруашылығы мен кәсіпкерлікті қолдау, инфрақұрылымды дамыту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және жаңа жұмыс орындарын құрумен өзектес. Мемлекеттік бағдарламалар аясында да жұмыс істейміз, сондай-ақ жеке және шетелдік инвестицияларды белсенді түрде тартамыз.

– Корпорацияның қаржылық нәтижелері қойып шыға ма?

– Кешенді жұмыстардың арқасында бүгінде тұрақты оң динамикаға шықтық. 2025 жылдың қорытындысы бойынша таза пайда 394,9 млн теңгені құрады. 2026 жылдың бірінші тоқсанын да 199,5 млн теңге таза пайдамен аяқтадық. Бұл – шығындарды оңтайландыру мен салмақты басқарушылық шешімдердің нәтижесі.

Маңыздысы – біз теңгерімді дивидендтік саясатты ұстанамыз. 2023 жылы акционерге 108,9 млн теңге көлемінде дивиденд төленді, 2024 жылы акционердің шешімімен 1 млрд теңге инвестициялық жобаларға бағытталды, ал 2025 жылдың қорытындысы бойынша 276,4 млн теңге дивиденд төлеу жоспарланып отыр. Осылайша, біз акционер мүддесі мен өңірді дамыту міндеттері арасындағы тепе-теңдікті сақтап келеміз.

– Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары базасын тұрақтандыру қалай жүргізілуде?

– «Қонаев» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы Алматы облысында бағаны тұрақтандыру тетіктерінің мамандандырылған операторы ретінде жұмыс істейді. Біз екі негізгі құралды қолданамыз: өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру және өндірушілерге жеңілдетілген несие беру.

2026 жылдың бірінші тоқсанының соңында тұрақтандыру қорының мөлшері 891 тоннаны құрады. Өнімдер агенттік келісімдер негізінде – 71 сауда нүктесі, Қонаев қаласындағы екі әлеуметтік павильон және демалыс күнгі жәрмеңкелер арқылы сатылуда. Сөрелердегі бағалар нарықтағыдан кемінде 10 пайызға төмен. Сонымен қатар, 24 өндірушіге жалпы сомасы 4,7 млрд теңге болатын жеңілдетілген қарыз беріл-



ген. Тек бірінші тоқсанның өзінде 4390 тоннадан астам әлеуметтік маңызы бар өнім сатылды. Соның арқасында Алматы облысындағы тұтыну бағалары индексі тоқсан қорытындысы бойынша 101 пайызды құрады.

– Корпорация ауыл кәсіпкерлігі мен агроөнеркәсіп кешенін қолдау бағытында қандай жұмыстар жүргізіп отыр?

– Ауылды көтеремін, ауылдың тірлігіне жан бітіремін, агроөнеркәсіпті дамытамын дегендерге қолдау көрсету басым бағыттардың бірі. «Ауыл Аманаты» бағдарламасы аясында біз жеке кәсіпкерлер мен кооперативтерге жылдық 2,5 пайызбен 7 жылға дейінгі мерзімге микронесие береміз. 2025 жылы және 2026 жылдың бірінші тоқсанында жалпы сомасы 3,38 млрд теңгеге 318 микронесие берілді. Қарыз алушылар 4 мыңнан астам мал басын сатып алды, ал бағдарлама ауылдық жерлерде 350-ден астам жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ агроөнеркәсіп кешені саласындағы ірі жобаларды қаржыландырамыз. Оған крахмал-сірне зауытына арналған жабдық сатып алу, ылғал үнемдеу технологияларын енгізу, ет бағытындағы жобаларды мысалға келтіруге болады. Бұдан бөлек «Кең Дала 2» бағдарламасы арқылы маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарына 3 млрд теңгеден астам қаражат игерілді.

– Инвестор тарту жұмыстары туралы да айтып берсеңіз. Портфельде қазір қандай ірі жобалар бар?

– Соңғы бір жарым жыл ішінде біз бірнеше маңызды келісімге қол қойдық. Қазір британдық United Green Group компаниясымен ірі жоба бойынша бел-

сенді келіссөздер жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда 13 мың гектардан астам аумақта жем-шөп базасы бар 10 мың бас малға арналған тауарлы-сүт фермасын салу. Инвестиция көлемі 250-300 млн доллар деп бағалануда. Сонымен қатар, газ толтыру станциялары бар автобус паркін және Талғар ауданында өнеркәсіптік дрондар шығаратын зауыт салу мәселелері талқылануда.

– Тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымдық жобалар қалай жүзеге асуда?

– 2025 жылы біз алты жобаны іске асыру үшін бес инвестор тарттық. Іле ауданының Боралдай кентіндегі Galamat тұрғын үй кешенінің бірінші кезеңі аяқталды. Онда 220 пәтер пайдалануға берілді, оның 134-і әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға табысталды.

Қазір «Galamat» ТҚ-нің екінші кезеңі, сондай-ақ Қонаев қаласындағы Фрунзе көшесіндегі реновация жобасы белсенді жүзеге асырылып жатыр. Сонымен бірге, жалпы инвестиция көлемі шамамен 65 млрд теңгені құрайтын, 41 үйден тұратын ауқымды Самұрық тұрғын үй кешенінің құрылысы жүріп жатыр.

Бұдан бөлек, Eurasia Kunhuah Alatau Qyrgyz компаниясымен Қонаев және Алатау қалаларындағы 30 гектар аумақты алатын кешенді дамыту туралы меморандумға қол қойылды. Жоба аясында тұрғын үй, әлеуметтік нысандар және өнеркәсіптік базалар салу жоспарлануда.

– Корпорацияның алдағы жоспарлары қандай?

– Негізгі бағыттың бірі – Astana International Financial Centre алаңында ESG-облигациялар нарығына шығу. Қазір біз ESG – рейтинг алу бойынша жұмыс жүргізіп, құжаттаманы жаңартып жатырмыз. Бұл экологиялық және әлеуметтік маңызы бар жобаларға қосымша инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тауар өткізу желісін дамытып, агроөнеркәсіп кешеніндегі жобалар портфельін кеңейтіп жатырмыз. Атап айтқанда, сояны терең өңдеу бойынша келіссөздер жүргізілуде. Біздің стратегиялық міндетіміз – Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына нақты әрі тиімді ықпал ететін, өңір тұрғындарына шынайы пайда әкелетін құрал болу.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

## ТІЛ ТАҒДЫРЫ - ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Қазақстан Республикасының егеменді, тәуелсіз мемлекет екендігін айқындайтын негізгі конституциялық құқықтық белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл. Біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесі Конституцияда және 1997 жылғы 11 шілдедегі «Тіл туралы» заңда бекітілген.



Қазіргі таңда мемлекеттік орган тарапынан халыққа көрсетілетін қызметті ең алдымен мемлекеттік тілде жүзеге асыру міндет болып отыр. Әрбір мемлекеттік қызметкер қай салада болмасын өзінің тіліне құрметпен қарап, іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізе айтарлықтай нәтижеге қол жеткізетініміз анық. Ана тілі – әрбір ұлттың негізгі қасиетті белгісі, жан дүниесі. Тіл тағдыры – ұлт тағдыры, ұрпақ тағдыры. Қай кезде болмасын тіл мәселесі – сол тілде сөйлейтін, ұлттық құндылықтармен сусындаған, ұлттық, ділдік белгісі

болып саналатын халықтың мәселесі. Сот – мемлекеттік биліктің бір тармағы болғандықтан, мемлекеттік тілді дамытуға мүдделі. Қазіргі таңда тілді қолданудың аясы кеңіп келеді. Іс қағаздарын қазақша жүргізу – мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші. Осыны ескерсек, іс қағаздарының саяси, тарихи, құқықтық, экономикалық маңызы өте зор. Яғни, ұйымдар мен мекемелердің, кәсіпорындардың шығарған шешімдері, басқару істері, атқарған қызметі іс қағаздарынан айқын көрінеді. Егер әр азамат өзінің ана тіліне деген сүйіспеншілігін оятып, мемлекеттік тілдің одан әрі дамуына аса жауаптылықпен қарап, күш-жігерін салса, өзара мемлекеттік тілде сөйлесіп, басқа ұлт өкілдеріне үйретіп, ана тілді насихаттайтын мақалалар көптеп жазылса, мемлекеттік тілдің келешегі кемел болары анық.

Сот – мемлекеттік биліктің бір тармағы болғандықтан, мемлекеттік тілді дамытуға мүдделі. Қазіргі таңда тілді қолданудың аясы кеңіп келеді. Іс қағаздарын қазақша жүргізу – мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші. Осыны ескерсек, іс қағаздарының саяси, тарихи, құқықтық, экономикалық маңызы өте зор. Яғни, ұйымдар мен мекемелердің, кәсіпорындардың шығарған шешімдері, басқару істері, атқарған қызметі іс қағаздарынан айқын көрінеді. Егер әр азамат өзінің ана тіліне деген сүйіспеншілігін оятып, мемлекеттік тілдің одан әрі дамуына аса жауаптылықпен қарап, күш-жігерін салса, өзара мемлекеттік тілде сөйлесіп, басқа ұлт өкілдеріне үйретіп, ана тілді насихаттайтын мақалалар көптеп жазылса, мемлекеттік тілдің келешегі кемел болары анық.

С.БЕРДІБЕКОВ,  
Маңғыстау облысы  
қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған  
ауданаралық сотының төрағасы

КІМЕ

Өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Ол дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ қалыптастыру. Ал ана тілін жақсы біліп, тіл байлығын мол қолданбайынша, сауатты сөйлеп, сауатты жазып, шын мәнінде мәдениетті адам бола алмайсың.

## ӘРБІР ОТБАСЫ ӨЗ ШАҢЫРАҒЫНДАҒЫ ТІЛ САЯСАТЫН ТҮЗЕУІ ШАРТ

«Ана тілі – халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген мақтанш сезімі болуы керек. Кез келген тілдің болашағы – балалардың, жастардың қолында екені рас. Балалардың тілді білмеуі, ұмытуы – ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан ең әуелі әрбір азамат өз шаңырағындағы тіл саясатын түзеуі шарт. Әр

отбасында отбасылық тілді дамыту бағдарламасы жасалмаса, мемлекет тарапынан жасалатын барлық іс-шара өзін-өзі ақтамайды. Сондықтан, қазақ тілінің тағдыры қазақтың өзінің қолында. Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық.

Г.ШАРОВ,  
Маңғыстау облысы  
қылмыстық істер жөніндегі  
мамандандырылған ауданаралық  
сотының судьясы

## АУДАРМАШЫ ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНУ ТЕГІН

Мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында көрсетілгендей, қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады.

Іс жүргізу барысында тілді білмейтін не жеткілікті білмейтін адамдар ана тілінде немесе өздері білетін басқа тілде мәлімдеме жасау, түсініктеме және айғақ беру, өтінішхат мәлімдеу, шағым келтіру, іс материалдарымен танысу, сотта сөз сөйлеу, белгіленген тәртіппен аудармашы қызметін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдар процеске қатысушыларға сот ісін жүргізу тілінде тиіс құжаттарды табыс етеді. Тұлға бір ретте қылмыс-

тық сот ісін жүргізу тілін білмейтін адамдар үшін құжаттардың сот ісін жүргізудің осы адамдар таңдаған тілінде жазылған, куәландырылған көшірмесі қоса беріледі. Мемлекеттік тілді дамыту, оның қолданылу аясын кеңейту, жан-жақты қамқорлық жасау, күнделікті жұмыс барысында тіліміздің мәртебесін көтеру бәрімізге ортақ міндет.

Бибігүл ДЕМЕНОВА,  
Ақтау қаласы мамандандырылған  
тергеу соты әкімшісінің басшысы

## «СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ»

Қазақ тілі – өлемдегі тілдердің ішіндегі ең бай, көркемдік аясы кең тілдің бірі. Оның қасиеті туралы қанша айтсақ та таусылмайды. Барлық асыл заты тозады, жоғалады, ал тіл – тозбайтын ең қымбатымыз.

«Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмақ емес, бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмыс-тіршілігі, мінезі айқын көрініп тұрады», – деген еді біртуар ақын Мағжан Жұмабаев. Қызылжылтатыны, қазір туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндер көп. Бүгінде кейбір адамның қазақ тілін білмеуі немесе білсе де сөйлемей – ана тіліміздің дамуына кедергі келтіруге. Сондықтан әр азамат мемлекеттік тілді құрметтеп, оның мәртебесін көтеруге өз үлесін қосуы қажет.

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы қазақ тілінің көркемдігі мен байлығын өз шығармалары арқылы дәлелдеп кеткен. Ал Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі білімінің негізін қалап, ана тіліміздің дамуына өлшеусіз еңбек сіңірді. Оның «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген қанатты сөзі тілдің ұлт үшін қаншалықты маңызды екенін аңғартады.

Сот өндірісінде қазақ тілінде қалған істердің саны арнайы статис-

тикалық есептер арқылы бақылауға алынады. Басқа мекемелермен ресми хат алмасулар да қазақ тілінде жүргізіледі. Қызметкерлердің тілдік сауаттылығын арттыру мақсатында арнайы оқу курстары мен семинар сабақтар өткізіліп тұрады. Мұның бәрі қазақ тіліне деген құрмет пен қолдаудың айқын көрінісі деп айтуға болады.

Қазіргі жаһандану дәуірінде әр халық өз тілін сақтап қалуға ерекше мән береді. Себебі тілі жоғалған ұлттың рухани болмысы да әлсірейді. Сондықтан жастар ана тілін тек күнделікті өмірде ғана емес, ғылымда, білімде, технологияда және әлеуметтік желілерде де кеңінен қолдануы керек. Ана тілін құрметтеу – елге, жерге, тарихқа деген құрмет.

Дарғуль УМИРЗАКОВА,  
Батыс Қазақстан облысы  
мамандандырылған ауданаралық  
экономикалық сотының жетекші  
маманы

## БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

Мемлекеттік тіл – кез келген ұлттың рухани тірегі, мәдениетінің өзегі және тарихи жадының сақтаушысы. Қазақ халқы үшін қазақ тілі тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ата-бабадан жеткен асыл мұра, ұлттық болмыстың айқын көрінісі.

Тіл арқылы халықтың салт-дәстүрі, дүниетанымы мен құндылықтары ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Қазақтың бай ауыз әдебиеті, мақал-мәтелдері мен жыр-дастандары тілдің құдіретін айқындай түседі. Сондықтан мемлекеттік тілді сақтау мен дамыту – әрбір азаматтың борышы.

Әлемдік мәдениеттер тоғысында өз тілімізді жоғалтпай, керісінше, оны жаңа деңгейге көтеру – уақыт талабы. Мемлекеттік тіл білім, ғылым, технология, бизнес салаларында да кеңінен қолданылуы тиіс. Бұл – елдің бәсекеге

қабілеттілігін арттырудың маңызды факторы. Тілді құрметтеу – Отанға деген құрметтің белгісі. Әрбір адам өз ана тілін біліп қана қоймай, оны күнделікті өмірде еркін қолдануға ұмтылуы қажет. Отбасынан бастап, білім беру мекемелерінде және қоғамдық ортада тілге деген сүйіспеншілік қалыптастыруы тиіс.

Мирас ҒАБДОЛЛА,  
Көкшетау қаласы  
мамандандырылған тергеу  
сотының бас маманы  
сот отырысының хатшысы

ОҢ ҚАДАМ

# ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚАУІПСІЗ, ЫҢҒАЙЛЫ, ТАРТЫМДЫ БОЛУЫ ТИІС

Алматыда 26 автобус паркінен күн сайын жолаушы тасымалдауға 3,2 мыңдай қоғамдық көлік шығады. Олардың 7,2 пайызын троллейбустар, 4,7 пайызын электробустар құрайды. Биыл жеке тасымалдаушылар жыл соңына дейін 500 газбен жүретін автобус пен электробустар сатып алуды жоспарлап отыр. 2024 жылдан бастап Алматыда дизель отынмен жүретін автобустарды сатып алуға тыйым салынғанына қарамастан, қазір қаладағы автобустардың 64,1 пайызы газбен жүреді.



«Қоғамдық көлікті тұрғындар үшін жылдам, ыңғайлы әрі тартымды ету негізгі міндет. Осы мақсатта арнаулы автобус жолағының желісі кеңейтіліп, жолақы төлеу жүйесі жаңғыртылып, көлік-тасымал тораптары салынады. Қала метро мен LRT сияқты үлкен инфрақұрылымдық жобаларды дамытуға да қатар қолға алды. Бұлардың барлығы жолға түсетін жүктемені азайтып, қаладағы жеке көліктің санын қысқартуы тиіс», – дейді Жолаушылар көлігі мен жол қозғалысын ұйымдастыру басқармасының басшысы Ержан Диханбаев. Оның сөзіне қарағанда, қазір магистральдарды жеңілдету үшін жол қозғалысының сызбасы да өзгеріп жатыр. Қоғамдық көлікті дамытып, жол кептелісін азайту үшін бағдаршам жүйесі жаңартылып, интеллектуалды көлік технологиясы енгізіле бастады. Ка-

ра мен дрондарды пайдалану арқылы көлік ағыны модельденіп, қаланың орталық бөлігіндегі біраз көшеде бір-жақты қозғалыс енгізу жобалары қарастырылып жатыр. Бағдаршамдарды реттеу көлік ағынын жүйелеп, көшенің өткізу қабілетін арттырады. Бағдаршамдарды үйлестіру магистральдарда көліктің еркін қозғалуына арналған көлік дәлізін қалыптастырады. Халықаралық тәжірибені, соның ішінде АҚШ-тағы ірі магистральдарға қосылатын көшелерді реттеу тәжірибесі зерттелеуде. Бұл ең жүктемесі көп жердегі кептелісті азайтуға көмектесетін болады. Басқарма басшысының сөзіне қарағанда, қалада ақылы автотұрақ жүйесі де дамып келеді. Қазір Алматыда шамамен 17 мың ақылы автотұрақ орны бар. Жыл соңына дейін тротуар бойында тағы 8 мыңға жуық орын ашы-

латын болады. Сондай-ақ веложолдардың ұзындығын 87 шақырымнан 125,5 шақырымға дейін арттыру жоспарланып отыр. Жаңа веложолдар Сәтбаев, Масанчи, Жароков, Жандосов, Жамбыл, Қарасай батыр, Қазыбек би көшесінде, сондай-ақ Назарбаев пен Абылай хан даңғылдарында пайдалану мүмкін.

Ержан Диханбаевтың айтуынша, мемлекеттік сараптамадан өтіп жатқан LRT жобасының техникалық-экономикалық негіздемесінің қорытындысы шілде айында шықпақ. Оң қорытынды алынғаннан кейін LRT құрылысының белсенді кезеңі басталады. Ұзындығы 18,3 шақырым болатын алғашқы желі Төле би көшесімен өтіп, одан ары қарай Абылай хан даңғылы арқылы Алматы-2 вокзалына дейін, сондай-ақ Момышұлы көшесі арқылы Алатау ауданындағы Индустриялық аймаққа дейін барады.

Жолаушылар көлігі мен жол қозғалысын ұйымдастыру басқармасына апта сайын OpenAlmaty арқылы – 300, e-Otinish жүйесі арқылы 400 өтініш түседі екен. Ең көп шағым қалада үлкен іс-шара өткенде, ауа райы нашарлаған кезде, көлік қозғалысына әсер ететін жол-көлік апаты болған сәттерде тіркеледі. Қала тұрғындары көбіне автобусты ұзақ күтетініне, салонның тазалығына, кондиционердің жұмыс істемейтініне, жүргізушілердің әрекетіне наразы. Осыған байланысты қала билігі тасымалдаушыларға бақылауды күшейтіп, күн сайын желідегі автобустар мен жүргізушілерді тексеретін бақылау-линиялық қызметін құрды.

«Алматы қаласының ЖҚББО» ЖШС бақылау-линиялық мониторинг қызметінің басшысы Азат Тілеубаевтың айтуынша, олар қоғамдық көлік жұмысында жолақы төлеу ғана емес, жолаушыларға қызмет көрсету сапасы, автобустың санитарлық жағдайы, аялдамаға тоқтауы мен жүргізу мәдениетін де бақылайды. Соның нәтижесінде қазір заңбұзушылықтар біртіндеп азайып келе жатыр.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

ҚАДАҒАЛАУ

# ҚЫЛМЫС ТУРАЛЫ АРЫЗДЫ ҚАБЫЛДАМАУ ЗАҢҒА ҚАЙШЫ

Қылмыс туралы арыздарды қабылдау тәртібі Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі №89 бұйрығымен бекітілген «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баяннатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу туралы» қағидасымен реттеледі.

Аталған Қағидаға сәйкес, қылмыстық қудалау органдарының лауазымды адамдары кез келген қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты қабылдайды. Кезекші бөлімдер қабылдауды тәулік бойы жүзеге асырады.

Полицияға қылмыс туралы арызбен жүгінген арызданушыға полиция қызметкері бірегей нөмірден тұратын талон-хабарландыру береді, талон-хабарландыру бірегей нөмірінің көмегімен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің (әрі қарай – Комитет) (qamqor.gov.kz) ақпараттық жүйесі арқылы өз арызыңыз жайлы ақпаратты тексеруге болады.

Комитеттің ақпараттық жүйесі арқылы тексеру үшін «qamqor.gov.kz» сілтемесіне өтіп, «Полициядағы арызыңызды тексеріңіз» бөлімін таңдап, пайда болған жолға талон-хабарландырудағы бірегей нөмірді (толықтай) енгізу керек. Содан кейін берілген қылмыс туралы арыз бойынша ақпарат пайда болады. Егер тиісті ақпарат шықпаса, онда полицияда қылмыс туралы хабарламаны тіркемеуі мүмкін немесе талон-хабарландырудағы бірегей нөмір деректер қорына енгізілмеген. Сондықтан бұл туралы Сіз Комитеттің тиісті аумақтық бөлімшелеріне хабар бере аласыз.



Полиция қызметкерлері қылмыс туралы арызды қабылдау кезінде талон-хабарландыру бермесе, арызданушы арыз қабылдаған қызметкерден толырған талонды талап етуге құқылы.

Талон-хабарлама екі бөліктен тұрады: қылмыстық қудалау органында қалатын талон-хабарлама түбіртегінен, сондай-ақ арыз иесіне берілетін үзілмелі талон-хабарламадан. Үзілмелі талон-хабарламаның келесі жағында Интернет-ресурстың мекенжайы көрсетілуге міндетті: www.qamqor.gov.kz, телефон нөмірлері: 8 800-080-7777 (стационар телефоннан), 1414 (ұялы телефоннан), олар бойынша арыз берушінің арызды қабылдаған қылмыс-

тық қудалау органының тиісті ақпаратын және телефон нөмірін алуға болады.

Полиция қызметкерлері қылмыс туралы арызды қабылдаудан бас тартқан жағдайда, немесе Комитеттің ақпараттық жүйесі арқылы тексерістен кейін Сіздің арызыңыз тіркелмегені анықталса, 8-727-261-46-88 телефон нөмірі бойынша жүгіне аласыз.

**Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Баку түркология құрылтайының 100 жылдығында: түркология және түркі әлемі» атты халықаралық симпозиум өтті. Тарихқа көз жүгіртсек, 1926 жылы Баку қаласында алғаш рет түркология саласының ғалымдары мен сарапшылары бас қосқан болатын. Бұл жиын түркі әлемінің ғылымы, әліпбиі, тілі мен мәдениетін дамытудағы ең ірі тарихи оқиғалардың біріне айналды.



# БАКУ ТҮРКОЛОГИЯ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Құрылтай жұмысына Ахмет Байтұрсынұлы, Нәзір Төрқұлов, Елдес Омаров секілді қазақ зиялылары қатысып, қазақ тіл білімінің дамуына негіз қалады. Бүгінде ҚазҰУ-да өтіп жатқан ауқымды ғылыми шара осы Баку түркология құрылтайының 100 жылдығына арналды. Симпозиум жұмысына ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Халықаралық түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаев, ҚР ҰҒА президенті Ақылбек Күршімбаев, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Өмүралиев, Түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова, TÜRKSOY бас хатшысы Сұлтан Раев, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Әзербайжан, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, АҚШ және Оңтүстік Кореядан келген түрколог ғалымдар, халықаралық ұйымдардың басшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары, зерттеушілер мен сарапшылар қатысты.



Іс-шарада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын Мәлік Отарбаев оқыды. Хатта: «Арада бір ғасыр уақыт өтсе де, өзінің тарихи маңызы мен бірегейлігін жоймаған Баку құрылтайы – бауырлас халықтардың ғылымы, мәдени және рухани тұтастығына берік іргетас қалаған айтулы бесес. Осынау тарихи жиында күн тәртібіне қойылған ортақ әліпби қалыптастыру, тіл бірлігі, мәдени мұраны түгендеу және ғылыми ықпалдастықты тереңдету мәселелері бүгінгі жаһандану дәуірінде де өзінің өзектілігін толық сақтап отыр. Алматы төрінде бас қосқан халықаралық симпозиум ата-бабаларымыздың ғылыми мұрасын заманауи пайыммен қайта зерделеуге, түркологияның жаңа бағыттарын айқындауға және ортақ интеллектуалды кеңістікті дамытуға зор серпін береді деп сенемін», – делінген.

Халықаралық шарада ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев оқу орнында түркітану саласын дамыту бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. «Қазіргі XXI ғасырда тілдік мұраны сақтау тек архив пен кітапта ғана емес, жасанды интеллект жүйесі мен цифрлық платформаларда да жалғасуы тиіс. Осы ретте, университетте іске қосылған жоғары өнімді суперкомпьютерлік кластер үлкен деректерді өңдеуге және цифрлық гуманитаристика саласын ілгерілетуге жаңа серпін берді. Ортақ мұраны ұлықтау мақсатында университетімізде Түркітану және алғайтану институты, Жазба жәдігерлер орталығы жемісті жұмыс істеп келеді. Өткен жылы ашылған академик Әбдуәли Қайдар атындағы Халықаралық түркі мәдениеті және мұрасы орталығы бауырлас елдердің академиялық ықпалдастығын жаңа деңгейге көтерді», – деді ректор.

Өз кезегінде Халықаралық түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаев түркология ғылымының дамуындағы жаңа ғылыми бағыттар мен түркі әлемінің интеллектуалды интеграциясының маңызына тоқталды.

«Жаһандану үдерісі қарқын алған сайын түркі әлемінің ортақ құндылықтарын ғылыми тұрғыдан зерттеу, сақтау және келешек ұрпаққа жеткізу бұрынғыдан да маңызды бола түсуде. Қазіргі таңда түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілуде. Бұл үдерісте түркология ғылымының рөлі айрықша. Ортақ тарих, тіл, әдебиет, терминология, этнография және мәдени мұра салаларында жүргізіліп жатқан зерттеулер бауырлас халықтар арасындағы ықпалдастықты нығайта түсуде», – деді академик Шаһин Мұстафаев.

Елші Кубанычбек Өмүралиев түркі мемлекеттері арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтудағы академиялық ынтымақтастықтың рөліне назар аударды. TÜRKSOY бас хатшысы Сұлтан Раев түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасын сақтау және насихаттау мәселелері жөнінде баяндама жасады. Сонымен қатар Ақтоты Райымқұлова түркі әлемінің материалдық және материалдық емес мәдени мұрасын халықаралық деңгейде ілгерілетудің маңыздылығын атап өтті.

Симпозиум аясында түркология ғылымының өзекті мәселелері, цифрлық гуманитарлық зерттеулер, жасанды интеллект пен түркологияның байланысы, түркі халықтарының әдебиеті мен фольклоры, археология, этнология, өнер тарихы, мәдени дипломатия және түркі әлемінің интеграциялық үдерістері кеңінен талқыланды.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

## ИГІ ШАРА

# ТАЗАЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Бүгінгі таңда қоршаған ортаны қорғау – әлемдік деңгейде- бірі. Осыған байланысты студенттер арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында пластик бөтелкелерді (баклажка) жинау акциясы ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – қалдықтарды қайта өңдеудің маңызын түсіндіру және жастарды табиғатты қорғауға белсенді қатыстыру болды. Бұл шара тұрақты даму мақсаттарының 12-мақсаты – «Жауапты тұтыну және өндіріс» бағытымен тікелей байланысты.

аккершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етті.

Осы жоба нәтижесінде студенттердің табиғатты қорғауға деген қызығушылығы артқаны байқалды. Көптеген қатысушылар болашақта да осындай экологиялық шараларға қатысуға дайын екендіктерін білдірді. Осындай бастамалар қоғамда экологиялық мәдениетті дамытуға және

тұрақты дамуға қол жеткізуге үлкен мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, акция барысында ерікті студенттер арасында шағын жарыс ұйымдастырылды. Кейбір студенттер әлеуметтік желілер арқылы экологиялық насихат жүргізіп, өзгелерді де акцияға қатысуға шақыру керектігі жөнінде ұсыныс айтылды. Нәтижесінде, қоршаған ортаны қорғау мәселесіне бейжай қарамайтын жастар саны көбейді. Осындай экологиялық бастамалар тек оқу орны ішінде ғана емес, бүкіл қоғамға оң әсерін тигізеді. Табиғатты қорғау – әр адамның азаматтық міндеті. Сондықтан пластик қалдықтарын азайту, сұрыптау және қайта өңдеу мәдениетін дамыту бола-

шақ ұрпақ үшін таза әрі қауіпсіз орта қалыптастырудың маңызды қадамы болып табылады.

Қорытындылай келе, пластик бөтелкелерді жинау акциясы студенттердің белсенділігін арттырып қана қоймай, қоршаған ортаны қорғауға нақты үлес қосты. Болашақта мұндай экологиялық жобаларды жиі ұйымдастыру табиғатты сақтауға және таза қоғам қалыптастыруға көмектеседі.

**Р.ШАЙХЫМБЕКОВА,  
Қ.НҮРЖАНОВА,  
Е.ЖҮЗЖАН,**

**С.Ж. Асфендияров атындағы  
Қазақ Ұлттық медициналық  
университетінің  
оқытушылары**

Акцияға С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың студенттері белсенді қатысты. Студенттер оқу орындары аумағында, жатақханаларда және қоғамдық орындарда пайдаланылған пластик бөтелкелерді жинады. Жиналған қалдықтар арнайы сұрыпталып, қайта өңдеу орталықтарына жіберілді. Бір апта ішінде бірнеше қап пластик жиналып, қоршаған ортаны ластайтын қалдықтардың көлемін азайтуға үлес қосылды.

Іс-шара барысында студенттерге пластик қалдықтарының табиғатқа тигізетін зияны туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар қайта өңдеудің экологияға және экономикаға пайдасы жөнінде шағын презентациялар ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар жастардың экологиялық сауаттылығын арттырып, жау-



## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

2. «Talartan Group» ЖШС (БСН 221040052802) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Сарыарқа көшесі, 19-үй, 6 блок, корпус 6, 19-пәтер.

3. «КАМНОР GROUP» ЖШС (БСН 220640029242) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шәймерден Қосшығұлды көшесі, 6-ғимарат.

4. «Форпост» пәтер иелері кооперативі (БСН 010840006910) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БКО, Бәйтерек ауданы, Құшым ауылдық округі, Үлкен Шаған ауылы, Абай көшесі, 1-үй, 8-пәтер.

5. «Жидебай батыр-5» мүлік иелерінің бірлестігі (БСН 230440031163) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Несие берушілер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде өз талаптарын мына мекенжай бойынша мәлімдей алады: 100300, ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Жидебай батыр шағынауданы, 5-үй, 20-пәтер.

8. «гипсоцвет» ЖШС (БСН 250640017115) орналасқан жері: ҚР, Астана қаласы, серіктестіктің жалғыз қатысушысының 2026 жылғы 26 мамырдағы шешімі негізінде серіктестікті ерікті түрде тарату туралы шешім қабылданғанын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Е 652 көшесі, 18-үй, 83-пәтер.

9. «SABA-19» ЖШС (БСН 190540004671) таратылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Атбасар ауданы, Атбасар қаласы, Элеваторная көшесі, 1-ғимарат. Тел. 8 (71643) 2 78 51.

10. «Шығыс Инжиниринг» ЖШС (БСН 241240014088) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, ШҚО, Риддер қаласы, 071300, Четвертый ыкшамауданы, 16 А үй, 9-пәтер, тел. +7 771 548 18 09.

13. «Нуад Мастер» ЖШС (БСН 250540019475) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 34Б үй, 20-тұрғын емес үй-жай, индекс Z05P4P1.

14. Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің «Ивановка ауылының бастауыш мектебі» КММ (БСН 021140002709) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар ҚР, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Лесная көшесі, 7-мекенжайы бойынша екі ай ішінде қабылданады, индекс 020500.

### ӘРТҮРЛІ

6. «Тара Трейд» ЖШС (БСН 140840012545) жарғылық капиталының 100 000 000 (жүз миллион) теңгеге дейін азайтылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылдық округі, Кемертоған ауылы, 6-квартал, 1А құрылыс.

11. «ОралПромСервис» ЖШС атқарушы органы (бұдан әрі - Серіктестік) (БСН 060340009897) Серіктестікке қатысушыларды келесі күні тәртібімен кезектен тыс жалпы жиналысының шақырылуы туралы хабарлар етеді:  
1) Басқа заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы үлесін сатып алу.  
Жиналыс ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы» заңының 42, 43, 45, 48 баптарына сәйкес өткізіледі.  
Жиналыс 2026 жылдың 29 маусым күні сағат 10.00-де БКО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 215-құрылыс мекенжайы бойынша өткізіледі.

12. «Рудный жылу желілері» ЖШС Қостанай облысы, Рудный қаласы, 40 лет Октября көшесі, 2/2 құрылысы (БСН 221040021614) кредиторларға жарғылық капиталдың 790476271 теңге (жеті жүз тоқсан миллион төрт жүз жетпіс алты мың екі жүз жетпіс бір теңге нөл тиын) сомасына азайғаны туралы хабарлайды. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР заңының 27-бабының тәртібімен серіктестіктің кредиторлары хабарлама алған немесе хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзімде серіктестіктен қосымша кепілдіктерді не серіктестіктің тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Талаптар серіктестікке жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша жіберіледі: Қостанай облысы, Рудный қаласы, 40 лет Октября көшесі, 2/2-құрылыс, ал олардың көшірмелері серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынылуы мүмкін. Анықтама телефоны (71431) 2-47-64 заңгер, 2-47-05 қабылдау бөлмесі.

### МҰРАГЕРЛІК

7. 23.05.2026 ж. Кошқаров Кадыр Карибозовичтің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлеріне нотариус А.С.Жанақулованың кеңесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келулеріңізді сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер. Тел. 8 705 270 00 01.

### Баспасөз – 2026

## Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

### Жазылу индекстері:

## «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zankl@mail.ru

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zankl@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99  
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,  
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.  
Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270  
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру WhatsApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(712) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, РБК банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar\_reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемерашы көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

**БАЙҚАУҒА**

(Соңы. Басы өткен сандарда)

**Мың сауал**

Сырбай қарындасының қырық күндік асына балаларын әке-шешесіне тастап, жұбайы Күләнмен бірге келді. Ағасы мен жеңгесі әлі де қайғы бұлтынан ажырай қоймапты. Есік сықыр етсе қыздары кіріп келетіндей жалтақтайды. Оларды көріп Күләннің іші жидіп сала берді. Жақсы көретін қайынсіңлісін ойлап, өкіне жылады.

Сырбай оңаша қалған бір мезетте жеңгесі Ақжарқыннан Самалдың телефоны қай жерде тұрғанын сұрады.

– Сіңлісі ұстап жүр еді. Жамалдың қолында ғой, – деді жеңгесі.

Жамал аулада бауырсақ пісіріп жатқандарға көмектесіп жүр екен. «Телефоныңды бере тұрасың ба?» дегенде әуелі қымсынып қалды. Сырбай телефонды екі күн бойы ақтарды. Жамалдан әр нөмірді сұрап отырды. Солардың ішінде үш номер қоңырау қабылдамай қойды. «Сіз қоңырау салған нөмір зонадан тыс жерде немесе өшірулі» деген бір сөзді тотықұстай қайталай береді. Сырбай Ерланға өшірулі үш телефонның нөмірлерін беріп, тексеріп көруін өтінген еді, қас қылғанда үшеуі де тіркелмеген болып шықты. «Демек, мұнда бір гәп бар. Осы номерді пайдаланған адам чипті лақтырып жіберіп, артынша басқа номер сатып алып пайдаланған болуы мүмкін ғой» деп ойлады ол. Енді не істеу керек? Іздеуді неден, кімнен бастаған жөн? Қоянның жымындай баттастыра айқасып кеткен шиырлы соқпағындай бұл жерден де жол тауып шығу оңай шаруа емес. Көрдім, білдім деген бір жан болсашы. Оның үстіне араға бірнеше күн түсіп те кетті. Қолға бір заттай айғақ (вещдок) түссе ғой, індетте тартып, апанда жатқан қорқауды суырып алу қиын болмас еді.

Сырбай тергеуші Ерланмен қайта хабарласты. Қолда бар телефон нөмірлерін қайта тексеріп көруін өтінді. Көп ұзамай телефоны шылдырап қоя берді.

– Майор мырза, – деді Ерлан бұрынғы әдетімен, – сіз жіберген үш номерді де бір адам пайдаланған болып шықты. Электрондық себетте тіркелген ақпараты табылды. Дегенмен, чип пайдаланушының кім екенін әзірге анықтай алмадық. Қосымша хабарласамын.

Бұрынғы тергеуші, бүгінгі жеке детектив телефондағы суреттерді қанша ақтарғанымен де қолға күдікті ештеңе ілікпеді. Самалдың сыныптастарымен, ұстаздарымен, отбасымен түскен суреттері ғана сақтаулы тұр.

Тығырыққа тірелген Сырбай келіншегін оңашалап алып:

– Самал енді бойжетіп қалған қыз еді. Жоғары сыныпта бойжеткендер сезімге көбірек ерік береді. Жамалдан, ертең қыркына келген сыныптастарынан суыртпақтап сұрастырып көрші, біреу-міреуді ұнатып қалмапты ма? Онымен қыдырыстап жүрген кезін көргендер бар ма екен? – деді.

Күлән ойланyp қалды да «жарайды» деп келісті. Астан соң Күлән күйеуіне ауылға қаладан бір жігіттің келіп тұрғанын жеткізді. Ол қаладан түрлі көкөніс пен басқа да азық-түлік әкеліп, дүкендерге өткізіп, артынша ақшасын алып кетіп тұрған көрінеді. Бірер мәрте жоғары сынып оқушыларын қалаға апарып әкелген. Солардың ішінде Самал да болған. Екеуінің арасында қандай байланыс барын ешқайсысы білмейді. Сыныптастары Самалдың «өзі бір күлдіргі жігіт екен» дегенін есітіп қалған. Бары осы.

Сырбай сол күні-ақ ауылдағы дүкендерді аралап шықты. Дүкен иелері қаладан бір жігіттің келіп, ауылда тап-

тыра бермейтін тұтыну тауарлары мен көкөністер әкеліп тұратынын жасырмады.

– Өзі бір иненің көзінен өткендей пысық бала. Біздің неге зәру екенімізді айтқызбай біледі, – деп мақтағандары да болды.

– Соңғы кезде сирек келгіштеп жүр. Басқа да шаруалары көп қой, – дегенді айтты сатушылардың бірі Жағыпар.

Шахимнің бұл ауылды айналсоқтап жүргеніне біраз уақыт болып қалыпты. Тек осы ауылға ғана емес, көрші елді мекендерге де тауар жеткізіп тұрады екен. Бірақ, көлігінің нөмірі ешкімнің

тапты. Бірақ көзіне оғаш зат ілікпеді. Осындай сарсылған күндерінің бірінде оған бір қойшы кездесті. Жаздың шығыған ыстығында басына құлақшын, үстіне күпәйке, аяғына етік киіп алған Серік көзін сығарайтып тұрып, біраз әңгіменің тиегін ағытты. Сөздің бір ығытында осыдан бірер ай бұрын шамасында бір жеңіл көліктің осында келіп, біраз бөгелгенін, артынша ауылға қарай кеткенін көргенін айтып қалды.

– Бұл біздің ауылға тауар таситын жігіттің көлігі болатын. Анық сол. Суыт жүрісінен шошыдым. Өрістен

ші ауылдарға ғана тауар таситын болыпты. Сырбай оны көп тосқан жоқ. Дүкенге заттарын өткізіп жатқанда кездойсоқ ұшырасып қалған сынай танытты.

– Жігітім, қалаға қайтқалы тұр едім. Ала кетесің бе? – деп сұрады ол амандықтан сон.

– Адамдарым бар. Сыймайсыз ғой, – деді жүргізуші.

– Жарайды. Басқа көлік іздестіріп көрейін онда.

– Еркіңіз білсін.

Қаншама күдіктіні сайратқан Сырбай тауар тасушының ертерек

таныс емес пе? 8-708... Шахим! Неге үндемейсің?

– Мен бұл нөмерлерді білмеймін...

Шахимнің дауысына діріл араласты. Ол судан шыққан балапандай үрпиіп, қалш-қалш етті.

– Ендеше, мына жер саған таныс болар? – деді Сырбай өңі жуған шүберектей бозарып кеткен Шахимге қарап.

– Ағатай! Бәрін де өзім айтамын. Самалдың өзі келіскен еді. Бұлай болатынын білгенім жоқ, – деп Шахим тізерлеп отыра кетті.

– Өтірік айтасың. Сен оны...

Сырбай тұтығып қалды. «Қарындасымды зорладың» деуге аузы бармады.

– Жоқ, өзі келісті. Өзі...

– Өзі келіссе мына заттар осылай шашылып қала ма? Келіскен қыз асылып өле ме?

Сырбайдың ашуланғандықтан екі көзі қанталап кетті. Шахим қояндай қалш-қалш етіп дірілдеп, орнынан бір тұрып, бір отырды.

– Сіз тергеушісіз ғой, ә?

– Жоқ, тергеуші емеспін. Бірақ, қазір аудандық ішкі істер бөліміне барамыз. Жасаған қылмыстарыңды тергеушіге қаз-қалпында жасырмай айтып бересің.

– Ұрмаңызшы.

– Сені ұрмақ түгілі қылқындырып өлтіріп тастауға болар еді. Бірақ, сені ұрмаймын да соқпаймын. Қолымды сендей иттің қанымен былғағым келмейді. Алайда, тергеушінің алдында бұлтарып бақсан, сыбағанды аласың.

– Мойындаймын, аға! Бәрі де ойламаған жерден болды.

– Оттама!

**Тұзақ**

Жол бойы екеуі іштей арбасып келді.

– Сырбай Тауасарұлы, уақытша ұстау абақтысында отырған күдікті қылмысын түгел мойындады. Бұдан да басқа былықтарының төбесі қылтып көрінді. Өзі біраз қыздың обалына қалған сынайлы, – деп мәлім-деді аудандық ішкі істер бөлімі тергеу бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Есболған Ермаханұлы.

– Жақсылап терге. Мүлт кетпе. Барлық қылмысын аш. Бұлар түлкідей қу, қорқақ қасқырдай қатгез болады. Бар қоясын ақтар, – деді Сырбай.

– Сізге көп рақмет! Аса ауыр қылмысты ашатын болдым. Көптен бері бір қылмыс ашылмай, бастықтан таяқ жеп жүр едік, – деді полиция майоры.

Екеуі дәлізді бойлап келе жатты. Сыртқа шыққанда Есболған:

– Сізді департаментке қайта шақырып жатыр деп естідік. Құтты болсын! – деді.

– Құттықтауға әлі ерте.

– Неге?

– Ол жағы жұмбақ болып қала тұрсын.

– Сіздің мықты тергеуші екеніңізді бәрі мойындайды. Генерал да өкініп отыр деп естідік.

– Жарайды. Әзірге хош болып тұр!

Сырбай полиция майорына қолын ұсынды. Есболған оны қимағандай қолын қысып, босатқысы келмей ұзақ тұрды.

Әлдеқайдан бұлың-бұлың етіп батырауық көрінді. Ол Сырбайға зеңгір көктен қол бұлғап тұрған Самал сияқтанды. Жүрегінің бір бөлшегі – қарындасы бала арманын құндақтап ұзап барады. «Жапырағым-ай! Хайуанның қолында жапа шектің-ау. Қалай ғана шыдадың екен? Сол кезде «көке!» деп мені іздеген шығарсың?» деп Сырбайдың жаны жабырқап, бауыры езіліп сала берді. Көзінен ыстық жас ытқып кетті.

Сырбай ағасы мен жеңгесінің жүрегін тағы да жараламас үшін аудан орталығынан қалаға атанды.

**Сабырбек ОЛЖАБАЙ**

**БАТПЫРАУЫҚ**



жадында қалмапты. Ауылдың аңқау адамдары-ай десенші.

– Осы жігіт ауылдан мал ұрлап апарып, қалаға сатады деседі ғой, – деп сыр тартты Сырбай Жағыпардан.

– Қайдағы? Басының дымы кеппеген бала ғой әлі. Одан мұндай сорақылық шыға қоймас деп ойлаймын, – деп Жағыпар оны қорғаштап қалды.

**Шырғалаң**

Күлән балаларына алаңдап, қалаға қайтып кетті. Сырбай сұрау салуды (ориентировка) тоқтатқан жоқ. Ол әр түні ұйықтай алмай дөңбекшіп шығады. Уысқа түскен ештеңе жоқ. Шахим дегендері де шыңырауға түсіп кеткендей қарасын көрсетпей қойды. Оны қаланың қай бұрышынан іздерсің? Әлде жабулы қазан жабулы күйінде қала салғаны дұрыс па? Егер Самалды біреу өлуге мәжбүрлегені анықталса, ағасы мен жеңгесі одан сайын жүнжіп қалмай ма? Бірақ бауырына қиянат жасаған адам жер бетінде алшан басып жүре бермек пе? Онда Сырбайдың аса маңызды істер бойынша аға тергеуші болғаны қайда қалады? Ағалық парызы қалай өтеледі? Көрде жатқан Самалдың әруағы ағасына разы бола ма? Бүгін қылмысқа барған адам ертең тағы бір нәрсені бүлдіреді. Ендеше, оған тосқауыл қою барлық жағынан алып қарағанда да басты міндеті. Қылмыскердің орны – түрме. Сондықтан жердің түбіне түсіп кетсе де табуы керек.

Сырбай ауылдан шығып сай-саланы, жыра-жыраны аралап кететін әдет

мал ұрлайтындар қатарынан емес пе екен? Артынша ауылға қарай ызғытып бара жатты, – деді Серік.

– Бұл өзі қай күні болып еді? Машинаның тұрған жерін нақты білесің бе? – деп сұрады Сырбай.

– Ой, оған бірталай уақыт өтіп кетті ғой. Қойшыда ес болады ма? Қай күні екенін итім білсін бе? Айттым ғой, бірер ай бұрын. Ал, машина мына сайдың ішінде тұрды, – деп Серік машинаның тоқтаған жеріне долбармен алып келді.

«Осы маң сияқты еді» деп қыратта тұрып сайға қаратып қамшысын сілтеді.

Көрсетілген маңда айғақ боларлық тұқ те табылмады. Сырбай әрі жүрді, бері жүрді. «Айдаладан алтын тауып аламын дей ме екен? Өзін жың иектеп кеткен бе, түге? Әр түп жусанның түбінде соншама үңілгені несі?» деп Серік таңданып тұрды. Ақырында есегін тебініп, қойының соңынан кетті.

**Арпалыс**

Ол қаталап шөлдеді. Сонда да кері қайтпады. Кенет оның көзі жылтырап жатқан бір нәрсеге түсті. Қолайна екен. Оның жанында ерінбояғыш пен кішкене қалам жатыр. Баялыштың түбінен сарғайған орамал табылды. Орауын жазып қарағанда әлдебір дақтың ізі байқалды. Байырғы тергеуші айғақты заттардың ешбіріне де тиіскен жоқ. Сол орнында қалдырды.

Шахимның тағы да төбе көрсетуін асыға күтті. Ол соңғы уақытта тек көр-

құтылсам екен деп алаңдап тұрғанын тыржиган түрінен жазбай таныды. Қипалақтап, кетуге асыққан ол сасқалақтап біресе дүкенге, біресе көлігіне қарай жүрді. Сырбай кері бұрылып, ұзақ кетті. «Уф!» деп демін алған Шахим көлігін үйлердің ара-арасымен жүргізіп, жолаушылар алғанысып біраз айналсоқтады да, күре жолға түсті. Ол алдында құрулы тор бар екенін аңғарған жоқ.

Жолдың бойына көлденең тұрған көлікті көрген Шахим қатты сасқалақтады. Дегенмен, тәжірибелі жүргізуші емес пе, көлікті айналып өте шықпақ болды. «Мынау жолымды тосып тұрған жігітті дүкен жанынан көрдім ғой. Тегі, мені тонамақ болар» деген ой миын солқ еткізді. Шахим мұндайлардың талайын көрген. «Әуеселенді көріп алайын» деп көлігінен үнемі жанынан тастамайтын кеспелтек темір таяғын ала шықты. Әйткенмен, ол осал қарсыласқа кезікпеген еді. Қолынан таяғы қалай ұшып түскенін өзі де сезбей қалды.

– Отыр көлікке, – деді тосып алған кісі.

– Қайда барамыз?

– Жусандысайды аралап қайтайық.

– Онда не бар? Ағатай, мен асығыс едім. Жіберіңізші.

– Жіберемін, әрине. Бірақ, әуелі Жусандысайға барып қайтуымыз керек.

Шахим Жусандысайға жеткенше ләм-мим деп жақ ашқан жоқ.

Межелі жерге жеткенде Сырбай қалтасынан қағаз алды.

– 8-701... Мына номер саған таныс шығар? 8-705... Мына номер де саған

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz

**E-mail: zanreklama@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6408 дана**  
**Апталық таралым 12816 дана**

Тапсырыс №977 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№916297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31